



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№46

(878)

19 қараша

2021 жыл



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТИ

ТҮЙТКІЛ



КӨМІР. АЛЫПСАТАРДЫҢ АРАНЫ АШЫЛҒАН КЕЗ

Күздің қара суығы басталды. Мезгіл – қарашаның қақ ортасы. Өне-міне дегенше, қылышын сүйретіп қыс келеді. Желтоқсан мен қақаған қаңтардың аязы мен боранына аз-ақ қалды. Алайда елімізді кейбір өңірлерінде, жұрт тас көмірдің тапшылығын сезінуде. Көмір үшін күрес әлі жалғасып жатыр.

КӨКШЕДЕ

Иә, қар түсіп, күн суытса да, қала тұрғындары «қара отынға» қол жеткізе алмай отыр. Кезек көп. Көмір жоқ. Баға қымбат. Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы «Қалада көмір жеткілікті» десе, тұрғындар көмір тапшылығының зардабын тартып отыр. Олардың айтуынша, көмірді әдейі ұстап отыр.

Мән-жайды анықтау үшін кешкі 5-тер шамасында қаланың сыртында орналасқан «Бірлік» шағынауданындағы негізгі көмір өткізу орнына бардық. Көзімізге бірден түскені – кезекте тұрған көліктердің көптігі. Жұмыс орнында ешкімді кездестіре

алмадық. Көрші шаруа қожалығының қызметкерлерінен бағыттымызды айқындап алдық. Кейін анықталғандай, көмір келмейті. Тиісінше, қызметкерлері де жоқ екен.

Аумақты аралап жүріп, бір-екі адамның қарасын көзіміз шалды. Кезекте тұрған адамдар екен. Сөйлестік.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов ауданының тұрғыны Алтынбек Нұрпейісов 200 шақырым жерден Көкшетауға көмір алу үшін келген. Алайда осындай ұзын-сонар кезекке тап боларын күтпеген. «Көмір Атбасарда, Новоишимкада да жоқ. Көкшетауға танертен келдім.

(Жалғасы 3-бетте)

ТОСЫН МІНЕЗ

ТАРАЗДЫ ТЕҢСЕЛТКЕН ДАУЫЛ

Жамбыл облысында дүлей дауыл тұрып, талай жердің астан-кестенін шығарып кетті. Бет қаратпайтын күшті жел адамдарды қаңбақтай ұшырып, тал-теректі тамырымен қопарған. Тіпті жолға шыққан жүк көліктерін де төңкеріп тастады. Табиғаттың тосын мінезінен электр желілері үзіліп, газ құбырлары қираған. Дауылдан бір адам қаза тауып, 41 тұрғын зардап шекті.

(Жалғасы 2-бетте)



ФОТОАЙҒАҚ



Орал қаласында
10 000 000 теңгеге
аялдама салынды.

Сурет: kfk.kz

АҢДАТПА



**КӨПВЕКТОРЛЫ
САЯСАТ –
ЕҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛ**

2



**ЖҰМЫСПЕН
ҚАМТУ ҚАШАНДА
МАҢЫЗДЫ**

5



**БӘРИНЕ ОРТАҚ
ЖУРНАЛИСТИКА**

8

МИНБЕР

АҚША ЛЕГИОНЕРДІ БАЙЫТУҒА ЖҰМСАЛЫП ЖАТЫР



Осыдан үш күн бұрын, 14 қарашада 2022 жылғы Футболдан әлем чемпионатына іріктеуде Қазақстан ұлттық құрамасының Франция командасынан 0:8 есебімен, футбол тарихындағы масқара есеппен ойсырай жеңілуі елдің қатты наразылығына ұшырап, қоғамда резонанс тудыруда. Баспасөзге аймақтардағы футбол клубтарына 71 млрд жұмсалғаны, тек «Астана» клубының өзіне 15 млрд бөлінгені жарыса жазылуда.

Бірақ нәтиже қайда?! Бұл бас бапкердің емес, біздігі жалпы футбол жүйесінің кінәсі! Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы кешегі сөзінде: «Біз бюджеттен қаражат алмаймыз, қайдағы миллиардтар, 200 миллион теңге ғана алдық» деп жауап беріпті. Ал «жеңілістің себебі – жақсы футболшылардың тапшылығы» деп ақталуда.

Федерация «бюджеттен көп қаржы алмаймыз» дейді, бірақ миллиардтарды осы федерацияға кіретін кәсіпқой клубтар облыс әкімдіктері арқылы алуда. Соңғы үш жылдағы облыстық әкімдіктердің кәсіби клубтарға бөлген қаржысының өзі аз емес – 111,2 млрд теңге. Ал федерацияға республикалық бюджеттен, УЕФА-дан, «Самұрық-Қазынадан», демеушілер бөлген қаржыларды қосар болсақ, олардың есебі жоқ. Өйткені ресми мәлімет жоқ.

(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
80,01

DOLLAR
432,18

EURO
489,18

РУБЛЬ
5,94

2 7 КҮН 168 САҒАТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ASTANA CLUB – 2021

«Күш жұмылдырсақ қана сын-қатерлерге қарсы тұра аламыз. Сондықтан ашық әрі шынайы диалогтың маңызы зор». Елордада «Астана клубының» алтыншы отырысына қатысып, сөз сөйлеген Елбасы Назарбаев бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне тоқталды.

Биыл еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтуде. Еліміз нарықтық экономиканың жолына нық түсіп, ТМД кеңістігінде құрылымдық реформалар, халықаралық сауда мен инвестиция тұрғысынан көшбасшыға айналды. Жалпы ішкі өнімі 16 есе артты. Орталық Азиядағы жалпы өнімнің жартысынан көбі Қазақстан үлесіне тиесілі. Елімізге шамамен 250 млрд доллар тікелей инвестиция тартылды. Экономиканы қарқынды индустриаландыру және сервистік өнеркәсіп құру ісі жүргізіліп жатыр. Ол шикізат ресурстарына тәуелділіктен арылуға бағытталған. Теңізге шығар жолы жоқ ел болғандықтан, 15 мың шақырымнан астам автомобиль жолдары салынды. Бұл Тынық және Атлант мұхиттарына, сонымен қатар Парсы шығанағына шығуға мүмкіндік берді. 3,6 мың шақырым теміржол салынды. Қазақстан Азия мен Еуропаны, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғайтын

көшбасшылар альянсының қызметі ерекше мәнге ие».

Қазақстанның әлемдегі қуаты жағынан 4-орын алатын ядролық арсеналдан бас тартып, 49 жыл бойы жұмыс істеген ғаламшардағы ең ірі полигондардың бірі – Семей ядролық полигонын жапқаны баршаға аян. Ел аумағында МАГАТЭ-нің қамқорлығымен төмен байытылған уран банкі салынды. Бұл банк кез келген елге бейбіт атом энергетикасын дамытуға деген өзінің

жартыжылдығында ғана олардың саны 400 мың адамнан асып түсті».

«Әлемдік ірі державалар арасындағы текетіретін күшеюі де теріс фактор. Әсіресе, АҚШ пен Қытай күштік құрылымдарын көбейтіп отырған Тайвань төңірегіндегі ахуал ерекше алаңдаушылық тудырады. Ресей мен еуропалық елдер арасындағы геосаяси шиеленіс те төмендер емес. Украина төңірегіндегі жанжал сақталуда», – деп атап көрсетті Н.Назарбаев.



Фотосуреті: elbasy.kz

КӨПВЕКТОРЛЫ САЯСАТ – ЕҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛ

маңызды транзиттік көпірге айналды. Ұзындығы 15 мың шақырымды құрайтын мемлекеттік шекара заңды түрде рәсімделді.

Елбасы: «Халқымыз заманауи казак мемлекетінің құрылуы мен қалыптасу процесін басқару мәртебесін сеніп тапсырған осы елдің Тұңғыш Президенті ретінде мен үшін бұл белестің ерекше мәні бар. Тарихи өлшеммен алғанда, қысқа мерзім ішінде Қазақстан даму жолында маңызды табыстарға қол жеткізді. Біз белсенді, көпвекторлы әрі бейбітсүйгіш саясат жүргізе отырып, халықаралық ұлттар қоғамдастығында лайықты орын алдық», – деп атап көрсетті.

Сондай-ақ қазіргі жаһандық сын-қатерлерге, соның ішінде коронавирустың таралуына, әлемдік державалардың өзара текетіресінің күшеюіне, Ауғанстан төңірегіндегі ахуалға және ядролық стратегиялық тұрақтылық саласындағы күрделі жағдайға ерекше назар аударды. Ауғанстандағы күрделі ахуалды тұрақтандыру және ядролық қаруды таратпаудың нақты жұмыс тетігін өзіндік үшін халықаралық деңгейде күш-жігер жұмылдыруға шақырды: «Бірнеше жыл бұрын барлық ядролық мемлекеттердің қатысуымен стратегиялық шабуылдау қаруларын жаппай қысқартудың кадамдық жоспарын әзірлеуді ұсынып, оны Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында қабылдауға болатынын айтқан едім. Бұл жоспарда жаппай қырып-жою қаруын сатып алуға және таратуға қарсы қатаң санкциялар қамтылуы тиіс. Осы орайда Ядролық қауіпсіздікті және ядролық қарудан азат әлемді жақтайтын Жаһандық

заңды құқығын қамтамасыз етеді. «Өңірдегі көршілермен бірге бізде Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ құрылған. «Ядролық қарусыз әлем үшін» және «Жаһандық қауіпсіздік үшін» сыйлықтарын бекіттім. Бұл сыйлықтарды жеңімпаздарға екі мәрте табыстау мәртебесіне ие болдым. Мәні жағынан маңызды осынау қадамдарды жасау арқылы Қазақстан шын мәнінде жаппай қырып-жоюын ядролық қарусыз әлем құру жаһандық қозғалысын бастады», – делі Тұңғыш Президент.

Жаңа дағдарыстардың алдын алу үшін Еуразия елдері арасында жүйелі диалог орнату маңызды. Бұл бағытта ұзақ уақыттан бері қызмет етіп келе жатқан, соның ішінде үшінші елдермен жұмыс істеп жүрген өңірлік халықаралық бірлестіктер негізгі құрал бола алады. Осы орайда Н.Назарбаев: «Атап айтқанда, Еуразия экономикалық одағы, Еуропалық Одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және жақында ғана құрылған Түркі мемлекеттері ұйымы арасындағы тікелей байланысты дамытатын кез келді. Сондықтан біздің елдеріміз Еуразиядағы кооперацияның барлық мүмкіндіктерін талқылап, дамыта алатын «Үлкен Еуразия» төртжақты экономикалық форумын қуруды ұсынамыз», – делі.

Елбасы Ауғанстан төңірегіндегі ахуалдың да күрделі болып отырғанына назар аударды: «Ауғанстан жуық арада ауқымды гуманитарлық апатпен бетпе-бет келуі мүмкін. БҰҰ мәліметінше, 23 млн адам немесе ауған халқының жартысынан көбі азық-түлік жетіспеушілігінің зардабын тартады. Бұл босқындардың жаңа толқынын тудыруы мүмкін. Тек 2021 жылдың бірінші

Осының бәрін ескергенде, еліміздің көпвекторлық саясатты ұстануы ең дұрыс шешім екені дау тудырмайды. Бұған қатысты Елбасы былай делі:

«Картада Қазақстан кай жерде орналасқанын қараңыз. Бізге көпвекторлық болудан басқа амал жоқ. Шекараның 7,5 мың шақырымы бойынша солтүстік пен батыста Ресеймен шекараласпыз. Әлемде ондай шекара бар ма? АҚШ пен Канада болмаса, басқа үлгі жоқ сияқты. Біз тарихи тұрғыда бірнеше ғасыр бойы Ресеймен бір ел болдық. Қытаймен де шекарамыз ұзақ. Географиямыз осындай. Құдайдың өзі бізге көпвекторлық болуды жазған. «Сендер кімнің жағындасындар» деп кейбіреулердің Қазақстанды сынайтынын айта келе, Елбасы: «Біз Ресеймен достастық қарым-қатынастамыз. Қытаймен сауда, инвестиция бойынша жақсы байланыстамыз. Транзиттік хаб болып есептеліміз. АҚШ-пен де жақсы қарым-қатынастамыз. Еуропамен де ынтымақтастығымыз жарасқан. Ислам елдерімен де қарым-қатынасымыз тамаша. Көпвекторлы саясаттың мақсаты жоғары. Біз бұл әлемде бір-бірімізге тәуелдіміз. Өзара қарым-қатынас арқылы өмір сүріп жатырмыз. Бір-бірімізді түсіну арқылы өмір сүру керек», – делі.

Үш күнге созылған «Астана клубы» отырысында жаһандандың болашағына бастап әлемдік дамуың сын-қатерлеріне дейінгі көптеген мәселе қамтылды. Жиыңға шартараптан келген спикерлер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның дамуындағы, жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтаудағы рөлін жоғары бағалады.

Талап ТІЛЕГЕН

Тосын мінез

(Басы 1-бөлімге)

ТАРАЗДЫ ТЕҢСЕЛТКЕН ДАУЫЛ

«Жамбыл облысында күшті жел тұрады» деген шұғыл хабарлама бір күн бұрын таратылған. Төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындарына алдын ала ескерту жасап, бейберекет үйден шықпауға кеңес берген. Бірақ бейкам жұрт желдің екпіні мұншалықты күшті болады күтпеген секілді. Табиғи апаттан бір адам көз жұмды. Жалпактөбе ауылында үйдің шатырына шыққан 17 жастағы жігітті дауыл ұшырып кеткен. Биіктен құлаған азамат жедел жәрдем жеткенше жан тапсырыпты.

Долы дауыл таңертең жұмысқа шыққан тұрғындарды да қанбақтай ұшырды. Екі аяққа нық тұра алмай, қаңғалақтап барып, жалп ете түскен келіншектің видеосы әлеуметтік желіде желдей тарап жатыр. Сондай-ақ бір топ оқушының да екпінді желден екпелінен құлап жатқаны жарияланды.

Бір сәтте астан-кестені шыққан Жамбыл өңірінде көлік қозғалысы да қиындаған. Төрт аудан мен Тараз қаласының түс ауа оқитын оқушылары мектепке жіберілген жоқ. Білім басқармасы қауіпсіздік мақсатында осындай шешім қабылдаған. Өйткені



секундына 30 метрге дейін соққан жел жуан талдардың өзін тамырымен қопарып түсірді. Қаладағы құлаған ағаштардан көліктер жүре алмай, кептеліс пайда болды. Кейбір машиналарды ағаш басып қалған. Қанша көлікке зақым келгені әзірге белгісіз. Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасы табиғи апаттан 49 адам зарлап шеккенін хабарлады. Оның 41-і Тараз қаласындағы ауруханаларға жеткізілген. Аудандардағы ахуал да мәз емес. Талас пен Сарысуға да күшті жел тұрып, көліктерді төнкеріп тастады. Сондықтан сол екі аудан және Жуалы ауданының жолы жабылды. Ал Күйік асуындағы бұрқасыннан 40 жолаушы құтқарылған.

Жамбыл облыстық азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Руслан Шариев: «Облыстық маңызы бар Күйік-Қарабастан, Қаратау-Жантас жолы жабылды. Алматы-Ташкент-Термек республикалық маңызы бар автомобиль жолы Айша бибі елді мекенінен Түркістан шекарасына дейін жабылды», – делі.

Тараз қаласы әкімдігінің мәліметінше, дауылдан көпқабатты 19 үйдің шатыры ұшып кеткен. Сондай-ақ 17 мектеп пен 4 балабақшаның да төбе жабындысы желге шыда бермеді. 18 электр бағанасы құлап, 1,5 шақырым желі үзілген. Жарықтың жоқтығынан қаланың кей аудандары қара түндекке жылусыз отыр. Төтенше жағдайлар департаменті 45 ағаш морт сынды деген ақпарат таратты. Сонымен қатар 12 аялдама, 32 бағдарлам мен 30-дан астам жарнама билборды қираған.

«Жамбыл Электр Желілері» ЖШС күзет қызметінің басшысы Талғат Иманбеков: «Автовшықаны жоғары көтеріп жұмыс істей алмай жатырмыз. Өйткені желдің күші секундына 10 шақырымнан асқан кезде арнайы техниканы қолдануға болмайды. Сол себепті қиындықтар туындауда», – делі.

Табиғаттың тосын мінезі келтірген шығын көлемі әзірге белгісіз. Шатыры ұшқан үйлер мен бүлінген әлеуметтік нысандар облыстық бюджеттің есебінен қалпына келтіріледі. Ал ағаш басып қалған темір тұлпарлардың шығынын кім өтеуі белгісіз. Жамбыл облысын жайпап өткен жел енді Қызылорда мен Түркістан облыстарына да жетті. Қызылордада қарлы боран соғып, бұрқасыннан автокөлік жолдары жабылды. Облыс орталығы мен бірнеше аудан тұрғындары жарықсыз қалды.

Диас НҰРАҚЫН

Аптаның айтары



«МараТ АХМЕТЖАНОВ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы:

«ҚАЗІР МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫН, ОНЫҢ ІШІНДЕ АТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ-ҚАДАҒАЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН САРАЛАП ЖАТЫРМЫЗ. ОЛ ЖЕРДЕ АСЫРА ПАЙДАЛАНУ, ЖҮГІНГЕНДЕРДІҢ БІРІНЕ БАСЫМДЫҚ БЕРҮ ӨТЕ КӨП. ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ БҰЛ СЫЗБА ҚОЛЫМЫЗДА БАР. КЕЛЕСІ ЖОЛЫ МҰНЫҢ БАРЛЫҒЫН КӨРСЕТЕМІЗ».

ЕЛІМІЗДЕ ЖЫЛУ ТАРИФТЕРІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

Аймақтар	1 Гкал үшін тариф (2021, қазан)!	2020 жылғы қазан айымен салыстырғанда
Нұр-Сұлтан	2454	+0,3%
Алматы	4831	-4,1%
Шымкент	5104	+0%
Ақтау	2578	+3,6%
Ақтөбе	3248	+25%
Атырау	5383	+6,5%
Көкшетау	1805	+11,1%
Қарағанды	3407	+8,2%
Қостанай	4192	-11%
Қызылорда	2867	1,2%
Орал	4100	4,7%
Өскемен	3379	+0%
Павлодар	2377	-0,6%
Петропавл	3645	5,2%
Семей	4151	3,4%
Талдықорған	2819	+9,6%
Тараз	2918	3,2%
Түркістан	2831	-38,8%

Дереккөзі: stat.gov.kz

Аптаның жауабы



Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ, энергетика министрі:

«Бұл сауалдың журналистерді неге сонша қызықтыратынын білмеймін. Меніңше, біз де басқа жұрт секілді өмір сүріп жатырмыз. Менің жанұям да орташа статистикалық отбасы сияқты ақша жұмсайды. Әрине, бір айға 50 мың теңге жетпейді. Айына 200 мың теңгедей жұмсаймыз».



Міне, әлі тұрмын. Көмір жоқ. Вагон келеді. Көмір 2 сағат жоқ болады. Алыстан келеміз. Мен, міне, 200 шақырым жерден, Чистополье жақтан келдім. Оған қоса, 5 тоннадан артық арпайды. Кезек баяу жылжиды. Тұрамыз енді, басқа не істейміз?...», — деді Алтынбек.

Шаһардың «Жайлау» шағынауданының тұрғынымен сұхбаттастық. Ол өзінің есімін атаудан бас тартты. «Барлық мән-жайды айтып берейін, тек аты-жөнімді атамаңдар, өздерің білесіндер ғой...», — деді. Сөзін қазқалпында келтірейік: «Дүйсенбіден бері, міне, үшінші күн кезекте тұрмын. Көлігімді қойып кетемін. Сосын жүк көлігіне мініп, өз жұмыстарымды істеймін. Кезекті жоғалтып алмау керек қой. Сол үшін жеңіл көлікті қалдырамын. Осылай келіп, кетіп жүрмін.

Бәрі солай. Ал егер түнде осы машиналардың дөңгелегін шешіп алып кетсе ше? Бірденесін ұрлап кетсе ше? Кім жауап береді? Ал көлігі жоқтар не істейді? Қалай кезек алады? Өздері келіп тұра ма осы жерде, қақаған суықта?! Көмір бөріне жетеді. Вагондар тиелген, естігем жігіттерден. Ұстап тұр анау жақта жібермей!».

Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бұл мәселеге қатысты өз жауабын берді: «Қазіргі таңда «Шұбаркөл» көмірінің жетіспеушілігі байқалады. Бұл халықтың жоғары сұранысы мен тасымалдың кешеуілдеуімен байланысты. Күніне 1000-1200 тонна көмір сатылады», — дейді.

Сөз көп. Пәтуә жоқ. Жиылыс көп. Тянақ жоқ. Қала халқы көмірді қыркүйек айынан бері күтіп отыр. Қала

тұрғыны, «Көкше» телеарнасының тілшісі Сәния Көпжасарова да аталмыш мәселемен бетпе-бет келіп, әлеуметтік желіде өз ойымен бөлісті. «Адамдар қатты мұқтаж болғанда, сондай-ақ көмірдің аз екендігін естігенде, артық төлеп жіберуден тартынбайды. Бұл — дәлелденген жайт. Жыл сайын осылай. Менің кезегім тоқтап қалатын немесе кезек келгенде көмір бітіп қалатын...», — дейді Сәния.

Ұлттық банктің баспасөз қызметінің мәліметінше, көмір республика бойынша 2,1 пайызға қымбаттады. Әсіресе, Қарағанды облысында баға көтерілген (9,5%). Көкшетау қаласында қазір көмірдің 1 тоннасы 13 200 теңгеге сатылып жатыр. Бұқара «баға алдағы уақытта тағы өседі» деп алаңдайды. Тұрғындардың сөзіне құлақ ассақ, көмірді кейін бағасын көтеру үшін әдейі ұстап отыр. Өйткені көмір саудалайтын орындар пайда тауып қалғысы келеді. Осы мәселеге жауаптылар да халықтың жоғын жамасудың орнына барын жырымдап жатыр. Қу құлқынның қамы қымбат боп тұр ғой...

Мерген ТОҚСАНБАЙ

АҚША ЛЕГИОНЕРДІ БАЙЫТУҒА ЖҰМСАЛЫП ЖАТЫР

Футбол әлемі бойынша барлық анық ақпараты бар transfermarkt.com сайтының мәліметі бойынша, Қазақстан футболының бір жылдық бюджеті — 133 млрд теңге. Ал жақсы футболшылардың тапшы болатыны — өзіміздің футболшыларымызды дайындаудың орнына, мол қаражатты шетелдік легионерлерге жұмсаудың тікелей нәтижесі. Мысалы, Премьер-лигада 2021 жылы 371 футболшы болса, бақандай 150-і, яғни жартысына жуығы легионерлер, оған бірінші лигадағы 16 футболшыны қосыңыз, бәрі 166 легионер бар екен. Демек, халық қазынасы қазақ футболшысын дамытуға емес, шетел футболшысын байытуға жұмсалып жатыр!

Легионерлерге өзіміздің футбол нарығымыз қалыптасқанша шектеу қоюмыз керек. Біздің Қазақстан футбол федерациясы талабының бір түсініксіз жері, Қазақстан чемпионатына еш уақытта өңірлердегі футбол клубтары қатыса алмайды. Себебі федерация ережесі бойынша, өңірлердегі футбол клубтары республика чемпионатына қатысу үшін сол жерде кәсіби футбол лигасында ойнайтын клуб болуы керек!?

Ал кәсіби футбол лигасында ойнайтын клуб аудан түгілі, қалалардың бөріне жоқ қой. Тек облыс орталықтарының өзінде бір-біреуден ғана! Бұл ендіше өңірлердегі, мысалы шағалдағы Шардараның, жырақтағы Жымпитының немесе шекарадағы Нарынқолдың футболшылары ешуақытта Қазақстан чемпионатына қатыса алмайды деген сөз. Ал алыс өңірлерде кімдер тұрады? Қазақ футболшыларының футболға жақындай алмай жүргенінің басты себебі осында жатыр. Егер ол кәсіби футбол клубында ойнай алмаса, аудандардағы балалар мен жасөспірімдер футбол мектебі мемлекеттің миллиондаған қаржысын шығындап, не үшін футболшыларды дайындап жатыр деген заңды сұрақ туады...

Қаржыны балалар мен жасөспірімдер мектептеріне, футбол мектептеріне дамытуға, балалар бапкерлерін дайындауға жұмсау керек. Футбол академиясын қалыптастырумыз керек. Ауылдардағы талантты балаларды тартуға жағдай жасау керек. Ал бюджеттен футболға бөлінген қаржыдан балалар футболына жеткілікті жұмсалып келеді деп айту қиын. Демек жақын болашақта Қазақстан футболының дамуы да қиын деген сөз. Балалар футболының даму өлшемдерінің негізгісі — трансферлік құнымен, клубқа түсірген табысымен өлшенеді. Осы күнге дейін Еуропа клубтарына өзіміз дайындаған 1 футболшыны трансфер жасай алмадық. Табыс түсіре алмадық. Миллиардтар құйып, Бразилияға алақайлап шығарып салған балақайлар қайда қазір? Сол 78 баланың кәсіби клубтарда ойнап жүрген біреуі де жоқ. Сонда оларды футболда дамытуға жібергенбіз бе, жоқ, өз қалағандарымызды іріктеп алып, демалуға жібергенбіз бе?

Спорттымыз дамуы үшін алдымен инфрақұрылымдарымыз сай болуы керек. Бізде оған да ақша жұмсалмайды. Стадион, футбол алаңдары болмаса, балалар қайда ойнайды? Мектептердің спортзалдары мен алаңдарын жалға беру басталғалы бері, балалардың сабақтан тыс уақытында футбол ойнауы арман болып қалды. Себебі көбісі балалардың тегін футбол ойнағанынан гөрі, сырттан келгендерге жалға беріп ақша тапқанды жөн көреді.

Мысалы, алысқа құлаш сітпей-ақ, көршілеріміз, туыс екі елмен салыстырайық. Қазақстан 30 жылда 1 ғана стадион салса, футбол бюджеті бізден екі есесей аз. Өзбекстан қазіргі заман талабына сай 10 стадион салып тастаған. ФИФА рейтингісі бойынша қазір Қазақстан 125 орында тұр. 2000 жылы 121 орында болғанбыз, сонда одан бері миллиардтар көбейген сайын дамудың орнына біз кері кетіп бара жатырмыз. Ал ТМД елдеріндегі футбол бюджеті ең аз — Кыргызстан 96-орында. Миллиардтар алып отырған қазақ футболында гол жоқ! Ал ауылдарда қаржы тапшылығынан гол жоқ!



Әлем чемпионатына іріктеуде ең соңғы орындағы біздің футболға әкімдіктер Олимпиада, әлемдік чемпионаттарда алтын медаль алып келетін бокс, күрес және ауыр атлетика үшеуін қосқандағы бөлген қаражаттан 3 есе көп ақша жұмсап отыр. Футболға бөлінген бюджеттің 80 пайыздайы жеке футболшыларға төленеді.

Футболға 30 жыл бойы миллиардтар жұмсалып отырса да, «бюджетіміз Еуропа деңгейіне жетпейді» деп келе жатыр. Ал халықтың саны 4 млн, экономикасы бізден 3 есе кішкентай, лигасы 1991 жылы құрылған, 1995 жылға дейін соғыс өртіне оранған Хорватия өткен жылы әлемнің футбол державаларын күйрете отырып, әлем чемпионатында финалға шықты. Біз маскара болып жегілген алпауыт Франциямен тең деңгейде ойын көрсетті. Бюджеті әлемнің 50 еліне кірмесе де, футболының даму деңгейі әлемнің топ 10-дығына кіреді. Хорватия — футболды ақшасыз да ойнауға, дамытуға болатынын дәлелдеген ел.

Клубтардың әлемдік рейтингінде ешқандай клубымыз 100-діктін қатарына кірмейді. Ал 200-діктін соңында, 186-шы орында тек бір «Астана» клубы ғана бар. Бірде-бір футболшымыз трансферлік құны бойынша алғашқы 500-лікке кірмейді. Бұл 30 жыл бойы футболшымыздың ешқандай дамымағанына дәлел.

Ендіше, футболға халықтың қыруар қаржысын Франциядағыдай әлемге маскара болу үшін құйып отырмыз ба? Нәтижесіз футболға бөлінген 133 миллиардқа кемінде 133 мектеп салуға болар еді...

Сондықтан, гол салмайтын, тек халық қазынасына қол салатын, қол салғанда мол салатын футболға миллиардтарды босқа шашуды тоқтатайтын уақыт жетті!

Қазақстан футбол жүйесін жолға қою қажет! «Ақ жол» фракциясы ұсыныстары: 1. Кәсіби спорт, футбол — бұл негізгі бизнес. Ал әлемде кәсіби спорт мемлекеттің мойнына мініп алмайды. Сондықтан бюджетке байланған футбол клубтарының барлығын жекешелендіріп, мемлекеттен қаржыландыруды тоқтату қажет.

2. Кезінде «Ақ жол» партиясы талай көтергендей, мемлекет қаржысы балалар мен жасөспірімдер мектептеріне, футбол мектептеріне дамытуға, балалар бапкерлерін дайындауға жұмсалуды керек. Ауылдардағы талантты балаларға жағдай жасау қажет.

3. Аудан орталықтарында, қала маңында да тегін футбол алаңдарын салу керек. Секциялардағы жаттықтырушыларға лайықты жалақы төлеу керек. 3. Футбол индустриясын, менеджменті мен маркетингін дамытып, футбол мамандықтарын, жаттықтырушылар кадрын дайындау жұмыстарын жолға қойып, футбол академиясын қалыптастыру керек.

4. Осы уақытта дейін мемлекеттен футбол саласына бөлінген қаржының есебі берілуі тиіс. Өйткені ол — халық қаржысы! Еліміздегі кәсіби футбол клубтарына бюджеттен жыл сайын қанша қаржы бөлінді? Қазақстан футбол федерациясына 2002 жылдан бері УЕФА-дан жыл сайын қанша қаржы бөлінді? Туризм индустриясын мен спортты қолдау қорынан және Ұлттық олимпиада комитетінен футбол федерациясына жыл сайын қанша қаржы бөлінді және қайда жұмсалды, бөрінің есебін ел білуі тиіс.

Қазыбек ИСА,
Мәжіліс депутаты

Түйткіл КӨМІР. АЛЫПСАТАРДЫҢ АРАНЫ АШЫЛҒАН КЕЗ ТАЛДЫҚОРҒАНДА

Алматы облысы тұрғындары үшін биылғы жылыту маусымына 1,33 миллион тонна көмір қажет. Бүгінгі таңда облыс аумағында барлығы 994 тонна қатты отын сатылды. Сондай-ақ түйіктерде жаз мезгілінен бергі 5,1 мың тонна көмір тағы бар. Бағаның өсуі байқалмайды. Нарық бағасы 14500-16000 теңге айналасында. Осы тұста облыс бойынша барлығы сегіз көтерме көмір жеткізуші, 50 түйік және 27 қойма бар екенін айта кеткен жөн.

Күн сайын облысқа 82 вагон көмір жеткізіледі. Оның 47-сі облыс елді мекендеріне, 35-і Талдықорған қаласындағы түйіктерге түсіріледі. Талдықорған қаласының тұрғындары қыстан қысылмай шығу үшін қажетті көмір қоры 92 мың тонна болуы тиіс. Олардың есебінше, 1 маусым мен 11 қараша аралығында 78,4 мың тонна көмір сатылған. Күніне орташа 9 вагон, 621 тонна көмір қаладағы түйіктерге жеткізіледі. Қазан айында 22,1 мың тонна көмір сату жоспарланса, 273 вагон көмір жеткізіліп, 18,8 мың тонна қатты отын саудаланған. Қараша айына 21,3 мың тонна көмір сату жоспарланған. Бүгінде оның 104 вагон, 7,1



үстінде көмірге таласқан, тіпті көмір үшін өзін-өзі жағып жіберуге дайын тұрғындардың жанайқайы ақпарат құралдарында көрсетілді. Ал Үштөбе қаласының тұйығында көмір алуға келген көлік тізбегінен кезек пайда болғаны туралы бейнебаян инстаграм, ватсап мессенджерлерінде таралып, тұрғындар қатты отынның жетіспейтіндігіне шағымданған.

көмірі — 14200 теңге, Шұбаркөл 14400 теңгеден сатылуда.

Күздің соңғы айы — тұрғындардың отынның қамдап алатын уақыты. Міне, бір-екі аптада қоңыр күзбен қош айтысамыз. «Қыстың қамын жазда ойла» дегендей, тұрғындарға көмірді жаз мезгілінде сатып алуды түсіндіріп-ақ келеміз. Алайда пышақ жұлынымызға тақалғанда қозғалатын әдетіміз де бар. Соның салдарынан

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бейбіт

АТАМҚҰЛОВ, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі:

«Көмір бағасын өсірмеу үшін біраз іс-шара қабылдадық. Ең алдымен көмір өндіретін ірі компаниялармен Қаражыра, Богатырь, Шұбаркөлмен меморандумға қол қойылып, тұрақты бағаға келістік. Бағалары 5 200-ден басталады. Ең қымбаты Шұбаркөл көмірінің тоннасы 5 700 теңгеден болады. Бүгінгі таңда вагондар уақытылы беріліп жатыр. Көмір кеніштеріндегі баға тұрақты. Көмір өңірлерге жеткізілгенде олардың өздерінің бөлу орталықтары бар. Қазіргі уақытта Шұбаркөл көміріне сұраныс көп болғандықтан, қараша айында 484 мың тонна көмірге қосымша тапсырыс бердік. Көмір уақыты тиеліп жөнелтіліп жатыр. Өңірлерден тағы сұраныс болса, онда көмір көлемін арттыруға дайынбыз».

ала жаздай арқаны кенге салып, күн суыта бастағанда қаптаған кезек орын алып жатады. Осындай салғырттығымыздан ұтымды пайдаланған алыпсатарлар жаз мезгілінде іркіліссіз жеткізілетін көмірді молынан түсіріп алып, қыс бойы қапқа салып сатумен айналысатынды тапты. Сондай-ақ бүгінде көмірді түйікпен жеке тұрғын жайларға жеткізу құны да жылдағалдан өсе түскені байқалады. Жеткізу құны қашықтықтың жақын-алыстығына байланысты 5-8 мың теңгені құрайды. Әрине, бағаны нарық реттейтіндіктен, ол туралы артық ешнәрсе айта алмаймыз. Алайда тиісті мекемелер жыл басындағы жоспарына сай түйіктермен келісе отырып, көмірдің сатылу жағдайын реттеп, тұрғындардың да белсенділігін арттыру жолын таппаса, бұл жыр бітпейді.

Қажет АНДАС



мың тоннасы тұтынушылардың қажеттілігін қамтамасыз еткен. Қала бойынша тас көмір сатумен 9 мекеме айналысады. Күнделікті қатты отынның қала тұйықтарына келіп түсуі бойынша мониторинг жүргізілуде.

Ресми мекемелердің жыл басындағы жоспары мен бүгінгі күнге дейін жеткізілген көмір мөлшерінің статистикасына сүйенсек, аймаққа қатты отынның 80 пайыздан астамы жеткізіліп, сатылған. Қалғаны штаттық режимде жүзеге асып жатыр. Бірақ әлеуметтік желілерде көмір тапшылығы және ұзын-сонар кезек туралы неше түрлі ақпарат шығып жатады. Жақында әлеуметтік желіде көмір тиегіштің

Бұған қатысты Қаратал ауданы әкімдігі: «Апта сайын Үштөбеге 12-14 вагон жеткізіледі, бұл шамамен бір мың тонна көмір. Жазда көмірді уақытылы сатып алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, ауданның кейбір тұрғындары күн суытып, қысыла бастағанда қатты отын сатып алуға тырысуда. Сондықтан кезек пайда болды», — деп жауап берді.

Жалпы Қаратал ауданының тұрғындары жылыту маусымынан қысылмай шығу үшін 40 мың тонна қатты отын керек. Бүгінгі күні оның 28,6 мың тоннасы немесе 71,5 пайызы жеткізіліп, сатылған. Қазір Семей

Тұрғын үй – 2021

БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ



«ОТБАСЫ БАНК» БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРҒА ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАЛАР ҰСЫНАДЫ



Нарық заманы ерінбей еңбектенуді, әркімнің де өз қаржылық әлеуетін есептеп, соған орай қарекет етуді талап етеді. Бұл, әсіресе, жаңадан отау құрған жастар үнемі ескеретін қағида болуы тиіс. Өйткені шаңырақтың шайқалмауы да табыс пен тұрмыстың деңгейіне, өз баспанасының болуына байланысты. Банктер ұсынатын стандартты тұрғын үй ипотекасымен үй алу үшін қомақты табыс қажет. Айлап-жылдап қаржы жинап, ұзақ күтуге тура келеді. Ал «Отбасы банк» осы мәселені шешудің әлемдік тәжірибеде кездесе бермейтін креативтік тәсілдерін ұсынып отыр. Сол арқылы тіпті кішкентай балақайлар да болашақта еш қиналмай баспанаға қол жеткізе алады. Jas qazaq газеті бұл жолы жастардың жылдам баспаналы болуына септесетін «Отбасы банкінің» бағдарламаларымен таныстырады.



«АРНАУ» ДЕПОЗИТІ

Сәби дүниеге келе салысымен оған арнап «Отбасы банкінде» депозит аша аласыз. Баланыздың болашағын бүгіннен бастап ойланңыз!

2020 жылы «Отбасы банк» балаларға арналған «Арнау» депозитін іске қосты. Бұл депозитке ең кемі **10 жыл** ақша жинау керек. Едетте еңбек жолын енді бастаған жастардың жалақысы төмен болады. Алайда «Арнау» депозитінің иесіне табысы аз болған күннің өзінде заем беріледі. Мысалы, баланың жасы **15-ге** болса және оның атына депозит ашылса, **10 жылдан кейін**, яғни **25-ке** келгенде **2%-бен** тұрғын үй заемын рәсімдей алады. «Арнау» депозитінде шарт сомасының **50%-ын** кем дегенде **10 жылға** тең Бағалау көрсеткішіне (БК) қол жеткізу керек. Депозитті баланың атына заңды өкілдері (ата-анасы, қамқоршысы) ғана аша алады. Ал оған қаражатты баланың ата-анасы мен қамқоршысынан бөлек, оның әжесі, атасы, ағалары мен әпкелері, тіпті ұйымдар да сала алады.

10 жыл бойы жинап, **48 ұпайға** тең Бағалау көрсеткішіне (БК) қол жеткізу керек. Депозитті баланың атына заңды өкілдері (ата-анасы, қамқоршысы) ғана аша алады. Ал оған қаражатты баланың ата-анасы мен қамқоршысынан бөлек, оның әжесі, атасы, ағалары мен әпкелері, тіпті ұйымдар да сала алады.

«ЖАС ОТБАСЫ»



«Отбасы банк» өткен жылы жас отбасылардың баспанаға жылдам қол жеткізуді көздейтін бағдарламаны іске қосты. Еліміздің бүкіл аумағын қамтыған осы бағдарламаға қатысатындарға бастапқы және екінші нарықтан пәтер немесе жер үй сатып алу мүмкіндігі беріледі. Бұған қоса, жер телімін сатып алып, үй салуға болады. Ал баспаналы жандар неснені өз үйінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге пайдалана алады.

«Жас отбасы» замын рәсімдеу үшін ерлі-зайыптылардың біреуіне (немесе екеуіне де) «Отбасы банкінде» жана депозит ашып, кемінде **1 жыл** бойы қаражат жинау керек. Осы уақыт ішінде банк **2%** мөлшерінде сыйақы төлейді. Жыл соңында **200 АЕК** көлемінде **20%** мемлекеттік өтінім берерде депозитке тұрғын үй бағасының **50%-ын жинау** немесе бірден салу қажет. Депозитті некеге тұрған сәттен бастап бес жылдың ішінде ашуға болады.

сыйақы беріледі. Жинақтау мерзімі өткенде бағалау көрсеткіші **5-тен** кем болмауы тиіс. Несиелік өтінім берерде депозитке тұрғын үй бағасының **50%-ын жинау** немесе бірден салу қажет. Депозитті некеге тұрған сәттен бастап бес жылдың ішінде ашуға болады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Жас жұбайлардың жасына **ШЕКТЕУ ЖОҚ**;
- Екі жылдан соң, тұрғын үй несиесіне ауысқан кезде жылдық мөлшерлеме **5 ПАЙЫЗҒА** дейін төмендейді (**ЖТСМ 5,2%-дан бастап**);
- Депозитті ерлі-зайыптылардың екеуі де ашып, отбасылық пакетке біріктірсек, мемлекеттік сыйлықақы **2 ЕСЕ КӨП** мөлшерде беріледі;
- Отбасылық пакеттің құрамына тек ерлі-зайыптылар қосыла алады.

Ескеретін жәйт, «Отбасы банкінің» басқа бағдарламаларына ауысқан кезде депозит сақталады. Бірақ оның шарттары өз күшін жояды. Кейде бір салымшыда бірнеше депозит болуы мүмкін. «Жас Отбасы» белгісі соның тек біреуіне ғана қойылады. Ерлі-зайыптылардың еркейісінде «Жас Отбасы» бойынша ашылған өз депозитінің болуына рұқсат етіледі «Жас Отбасы» белгісі бар депозиттерді табыстау тек ерлі-зайыптылардың арасында жүзеге асырылады.

НЕСИЕ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ:

6% (ЖТСМ 6,3%-дан бастап)

НЕСИЕ МЕРЗІМІ: **6** Жылдан

9 Жылға дейін

НЕСИЕ СОМАСЫ:

100 000 000

ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН

КЕПІЛЗАТ: САТЫП АЛЫНАТЫН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Ләззат ИБРАГИМОВА,
«Отбасы банк» Басқарма
төрайымы:



«Бұған дейін де банкте бала дүниеге келе салысымен депозит ашып, болашақ баспанасына қаражат жинау мүмкіндігі бар еді. Мұндай жинақ есебінің саны 201,8 мыңнан асты.

Енді клиенттерге қолайлы болу үшін бала депозитін жексе өнімге айналдырдық. «Арнау» депозиті бойынша несие мөлшерлемесі минималды **2%-ға** тең. Бұрын-соңды біз тек «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша ғана **2%-дық** мөлшерлемесімен несие беретінбіз. Алайда аталмыш бағдарлама әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға арналғандықтан оған халықтың барлығы бірдей қатыса алмайтын. «Арнау» депозиті баршаға қолжетімді. Аз-аздан жинағына ақша салып отырса, кем дегенде **10 жыл** ішінде алғашқы жәрнаға қаржы жинауға болады. Бала өскен соң табысы жоғары болмаса да, ең төменгі мөлшерлемесімен өз баспанасына қол жеткізе алады».

ЖЫЛДЫҚ СЫЙАҚЫ

МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – **2%**

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖИНАҚ МЕРЗІМІ –

10 жылдан 15 жылға дейін

ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ

МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – **6%-ға** дейін

(МЕМЛЕКЕТ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ҚОСА АЛҒАНДА)

ЖИНАҚ МЕРЗІМІ БІТКЕН СОҢ ЗАЕМ БОЙЫНША

ЖЫЛДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ: **2%** (ЖТСМ 2,1%)

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МЕМЛЕКЕТ

СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ – **20%** (БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ

ЖИНАЛҒАН 200 АЕК-КЕ ДЕЙІНГІ ЖИНАҚ СОМАСЫНА)

НЕСИЕ МЕРЗІМІ – **6** Айдан **10** Жылға дейін

ЗАЕМ ТЕК КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛҒАН ДЕПОЗИТ ИЕСІНІҢ АТЫНА БЕРІЛЕДІ, ЯҒНИ ҮЙ АЛАР СӘТТЕ БАЛАНЫҢ ЖАСЫ 18-ДЕН АСУЫ КЕРЕК.

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ»



2017 жылы іске қосылған бұл бағдарламаның тиімділігіне күмән жоқ. Тек биылғы жылдың өзінде «Алматы жастары» шеңберінде **1000 алматылықтың** тұрғын үйге қол жеткізуі – «Отбасы банк» пен қала әкімдігі арасындағы ынтымақтастықтың ерекше үлгісі. Заемның ең жоғары сомасы **13 миллион** теңгенеден **18 миллион** теңгеге дейін ұлғайтылып, қатысушылар саны көбейді. Бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, жоғары оқу орындары, ҒЗИ, БАҚ, әлеуметтік сала мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері де қатыса алады.

Осы бағдарлама бойынша, Алматыда орналасқан бастапқы және екінші нарықтағы баспана, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу арқылы қолданысқа берілген немесе салынып жатқан тұрғын сатып алуға болады.

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

* Қатысушы мен оның жұбайының жасы **35-тен** аспауы тиіс. Ерлі-зайыптылардың тек біреуі қатысады;

* Ерлі-зайыптылардың екеуінде де Алматы қаласында кем дегенде **1 ЖЫЛ** тұрақты тіркеуі болуы;

* Соңғы **5 ЖЫЛ** ішінде бағдарламаға қатысушы мен оның отбасы мүшелерінің Қазақстан аумағында сатып алу құқығымен жалдамалы тұрғын үйі немесе меншік құқығында тұрғын үйі болмауы қажет

* Қатысушының Қазақстан аумағында соңғы **5 ЖЫЛ** ішінде тұрғын үй жағдайын едәйі нашарлату дерегінің болмауы;

* Қатысушының Алматы қаласындағы ресми жұмысының өтілі **6 АЙДАН** кем болмауы керек.



Асқарбек ҚАЗАНҒАП,
тележурналист:

«Өткен жылы «Алматы жастары» бағдарламасының арқасында баспаналы болдым. Алматыда тұратын, осындай жұмыс істейтін біз секілді жастар үшін бұл үлкен көмек.



Өйткені **30-ға** толмаған жастарға қаражат жинау мүмкін емес. «Алматы жастары» аз пайызбен баспана алуға мүмкіндік беріп отыр. Ай сайынғы төлемі де қалтаға салмақ салмайды. Болашақта еліміздің басқа қалаларындағы жастарға да осындай бағдарлама керек екенін айтқым келеді. Шіркін, баспана болған қандай жақсы! Үйі бар, күйі бар адам әрі қарай шабыттанып жұмыс істейді».



«ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ»

«Elorda Zhastary» тұрғын үй бағдарламасы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі мен «Отбасы банкінің» бірлескен жобасы.

Таяуда қала әкімі Алтай Көлгінов пен «Отбасы банкінің» Басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова ынтымақтастық туралы мақаласын ақшасын жинайды, бірақ пәтер сатып алуға қаржысы жетпейді. Ал «Elorda Zhastary» бағдарламасының көмегімен жастарымыз биылдың өзінде коньс тойын тойлай алады. Алматыдағы осындай бағдарламаға ықпалас та, сураныс та көп. Соның арқасында алматылық **2000 жас** тұрғын баспана мәселесін шешті», – дейді.

Нұр-Сұлтанда өтінімдерді қабылдау биылғы **14 қазанда** басталды. Бағдарлама шеңберінде несие беру үшін **3,6 миллиард** теңге бөлінді. Бұл қаржы **200-ге** жуық қатысушының несие алуына мүмкіндік береді.

Бағдарламаға мұғалім, дәрігер, спортшы, мәдениет, әлеуметтік, коммуналдық салалардың қызметкерлері, полиция департаменті қызметкерлері, БАҚ, ТЖҚ қызметкерлері және жетім балалар қатыса алады.

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- * Жасы **35-тен** аспауы тиіс;
- * Қатысушы мен отбасы мүшелерінің соңғы **1 ЖЫЛДА** Нұр-Сұлтанда үздіксіз тұрақты тіркеуде болуы;
- * «Отбасы банк» АҚ-да депозиттің болуы және өтімді беру сәтінде **10%** бастапқы жарнаның (**1 800 000 теңге**) болуы;

* Соңғы **5 ЖЫЛ** ішінде бағдарламаға қатысушы мен оның отбасы мүшелерінің Қазақстан аумағында сатып алу құқығымен жалдамалы тұрғын үйі немесе меншік құқығында тұрғын үйі болмауы;

* Қатысушының Нұр-Сұлтандағы ресми жұмыс өтілі **1 ЖЫЛДАН** кем болмауы керек.

* Отбасының ербір мүшесіне соңғы **6 АЙ** бойынша табысы б ең төменгі күнкөріс деңгейінен немесе **205 812-ден** аспауы тиіс (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және өзге де міндетті аударымдарды есепке алмағанда).

* Бағдарламаға ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады.



НЕСИЕ СОМАСЫ –

18 МЛН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН;

БАСТАПҚЫ ЖАРНА –


10%

ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ –

5% (ЖТСМ – 5,2%);

НЕСИЕ МЕРЗІМІ –

25 ЖЫЛҒА ДЕЙІН



НЕСИЕ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ –

5% (ЖТСМ – 5,2%)

АЛҒАШҚЫ ЖАРНА –

10%-дан бастап

НЕСИЕ МЕРЗІМІ – **25** ЖЫЛ

НЕСИЕ СОМАСЫ – **18** МЛН ТЕҢГЕ (БАСПАНА БАҒАСЫ ОДАН ЖОҒАРЫ БОЛСА, ӨТІНІМ ИЕСІ ОНЫ ӨЗ ҚАЛТАСЫНАН ҚОСАДЫ)

ТҮЙІН

Біз таныстырған бағдарламалар шын мәнінде жастарға оңтайлы жолмен тез арада баспана алуына мүмкіндік береді. Бұл олардың болашаққа сеніммен қарауына, сондай-ақ еліміздегі демографиялық көрсеткіштердің жақсаруына оң ықпалын тигізеді. «Отбасы банкінің» арқасында мыңдаған жастар коньс тойын тойлап, шаттыққа кенелуде. Еңдеше, сіз де сол бақытты жандардың қатарына қосылыңыз!

Дайындаған Гүлнар АХМЕТОВА

Ақжолтай

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы» телеарнасының Akimat LIVE бағдарламасында тұрғындарды толғандырған сауалдарға жауап беріп, өзекті шаруалардың жайын хабардар етті.

жұмыс күндері үйіне асыққан жұрттың көп уақыты осы кептелістің ортасында өтіп кетеді. Талғар ауданына қарай қатынайтын жолаушылар да көлік тығынынан сытылудың қамымен Құлжа жолына түседі. Осылай көлік кептілісі бірнеше шақырымға созылады.

Бақытжан Сағынтаев қарашаның соңына дейін Құлжа трактісіндегі жолайрық екі бағыт бойынша ашылады делі. Алматыға күн сайын сырттан 400 мыңнан астам көлік кіреді. Солардың барлығы кешкілік



MEGAPOLIS



www.jasqazaq.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Құлжа трактісіндегі жолайрық эстакадасының ұзындығы – 784 метр, ал әуежайға қарай бағыттайтын Бұқтырма көшесінің бойынан салынған туннель 570 метрге

КЕПТЕЛІСТЕ КӨП ТҰРМАЙСЫЗ



Қазір жұрттың «бас ауруына» айналған жайт – көлік кептелісі. Құлжа тас жолының бойында, әуежайға кететін бұрынғы айналма жолдың үстінен салынып жатқан жолайрықтың құрылыс жұмыстары тезірек аяқталуын Алматы облысының халқы асыға күтіп жүр. Олай болатын да жөні бар, күнделікті қаладан сыртқа ағылған көліктер легі Әл Фараби даңғылымен ағызып келіп, шығыс айналма жолы арқылы Құлжа трактісіне қосылса орасан кептеліске кеп ұрынады. Әсіресе,

қайтапанынның өзінде 300 мыңдай машина сыртқа шығады. Соншама темір тұлпарды «ұзатып салуға» шаһардың жолдары тарлық етіп, кептеліс көңілді түсіретін. Құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатқан жолайрықтың екі бағытта ашылуы көлік жүргізушілер үшін орасан олжа болып отыр. Сонымен қатар жолайрық арқылы Бұқтырма көшесіне де шығып кетуге болады. Жалпы төрт және алты жолақты жолайрықтың толық құрылысы келер жыл орталанғанша бітеді.

жетеді. Жолайрықтың айналасын абаттандыруға 750 тұлпар көшеттері отырғызылмақ.

Жолайрықтың әзірге екі бағыт бойынша ашылуының өзі Алматының айналасына қоныстанып, қалаға қатынап жұмыс істейтіндер үшін қуаныш болып отыр. Өйткені құрылыс қызу жүріп жатқан күре жолдың бойында мимырт жүріспен екі шақырым қашықтықты кейде екі сағат еңсеруге тура келеді.

Қуан КӨШЕК

COVID-19

Алматыда ковид кеселіне қарсы екпе алуда мектеп оқушылары студент жастар да белсенділік танытып жатыр.

Осы күнге дейін 12-17 жас аралығындағы 1700 жасөспірім екпенің бірінші дозасын салдырған. Жоғары оқу орындарының арасында С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің студенттері белсенді. Болашақ дәрігерлер екпе алудың қаншалықты пайдалы екенін білгендіктен шығар. Осы оқу орнының оқытушылары да түгел екпе алған.

ЕКПЕ АЛУДА ЖАСТАР БЕЛСЕНДІ

Алматы шаһары эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруына орай, «сары» аймақтан «жасылға» өтті. Бірақ бұл арқаны кенге салуға болады деген сөз емес. Еуропа елдері есігін қайта жауып, карантинді күшейтті. Ресейде індет өршіп тұр. Қытай қорғанысты күшейтті. Бізге де айылды босатуға әсте болмайды. Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шарасын сақтап, екпе алуда белсенділік танытпаса, КВИ қайта өршуі мүмкін. Қауіпті індеттің жана толқыны кез келген сәтте күш алып, бой бермей кететініне көз жеткіздік. Карантин шарасын қатаң ұстанып, екпе салдырып, өзін де, өзгені де қорғауда қалалықтар жұмылған жұдырықтай бола алғанда ғана қауіп бұлты сейіледі.



Қазір қалада 12 жастан асқан балаларға Pfizer Cominaty екпесі егіліп жатыр. Алматыда Pfizer Cominaty вакцинасын осы уақытқа дейін 914 бала емізетін, 334 жүкті әйел алған, одан сырт 18 жасқа дейінгі 1992 жасөспірімге екпе салынды.

Нұрдан КӨШІМБАЙ

Өзекті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «Пандемия еңбек нарығын едәуір өзгертті. Бұл – ең алдымен, қашықтан жұмыс істеу тәсілінің қарқынды дамуы. Көптеген жаңа кәсіптер пайда болған, үдерістердің көпшілігі автоматтандырылып, цифрландырылып жатқан қазіргі кезде бұл үрдіс тың серпінге ие болуда» деді.

Атап айтқанда, еңбек нарығын цифрландыру, жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын реформалау, жаппай кәсіпкерлікті дамыту және тұрғындарды жұмыспен қамтуды арттыру үшін басқа да ауқымды іс-шаралар қарастырылған. Ақиқатында халықты жұмыспен қамту орталығы қандай міндеттерді атқарады? Олардың бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай? Алып шаһар Алматыда жыл басынан бері неше адам жұмыспен қамтылды? Осы және өзге де сұрақтарға Алматы қаласы әкімінің жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілерді қолдау бөлімінің басшысы Гүлзінат Мейірбекова жауап берді.

Жас қазақ: Гүлзінат Рахманбердіқызы, ең алдымен, халықты жұмыспен қамту орталығы қандай міндеттерді атқарады, осыған тоқталсақ? Олардың бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай? Жыл басынан бері неше адам жұмыспен қамтылды екен?

Г.Мейірбекова: Жұмыссыздық мәселесін шешу үшін Алматыда жұмыспен қамту орталығы нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын және «Жұмыспен қамту 2020-2021» Жол картасын іске асыруда. Жұмыспен қамту орталықтары – жұмыспен қамту қызметін ұсынатын «еңбек нарығындағы бірінші терезе». Мемлекеттік жұмыспен қамту орталықтарының жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында олардың жұмысына реформалар жүргізіліп, заман талаптарына сай формат енгізілді.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Заны бойынша, 16 жастан зейнеткерлік жасқа дейінгі қалалық тіркеуі бар кез келген азамат халықты жұмыспен қамту орталығына (ХЖҚ) және мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ ашық бос орындар туралы мәліметтерді алуға құқылы. Сонымен қатар жұмыс іздеп жүрген, жұмыс атқаруға даяр азаматтардың жұмысқа тұруына жәрдемдеседі. ХЖҚ мамандары сұранысқа ие мамандықтар туралы толықтай мәлімет бере отырып, азаматтарға жұмыссыз мәртебесін алуға да көмектеседі. «Жұмыссыздық бойынша жағдайда» деген ұғым жоқ. Жұмысынан айырылғаны үшін әлеуметтік төлемдер туралы түсінік бар. Әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған тұлғалар, соңғы 24 айдағы аударылғандар (кем дегенде 6 ай) төлем алатын санатқа жатады. Егер сіз осы параметрлерге сай болсаңыз, сайтта өтініш қалдыра аласыз. Ол үшін Епбек.kz сайтына немесе Алматы қаласының ХЖҚ - на жүгіну қажет. ХЖҚ «Еңбек» бағдарламасын іске асыра отырып, аз қамтылған отбасы, көпбалалы отбасы, жастар, жұмыссыз азаматтар, өзін-өзі қамтыған азаматтармен бірге мүмкіндігі шектеулі жұмысқа қабілеті бар азаматтарды тегін оқу курстары, уақытша жұмыстар мен тұрғылықты жұмыспен қамтылуына жәрдемдеседі. Оларды белсенді іс-шараларға тартып, жұмысқа орналастырады. Тұрғылықты жұмысқа жыл басынан бері Алматы қаласы бойынша 20409 адам жұмысқа орналасты. Жұмыспен қамту жол картасы бойынша 373 адам жұмысқа тұрды. Алғашқы



жұмыс орны бойынша 217 адам, «Ұрпақтар келісімшарты» бойынша 2 адам жұмыспен қамтылды.

Жас қазақ: Әлемдік өлшемдерге салған пандемия біраз кәсіптің тұралауына әкелді. Осы орайда еңбек нарығында Алматы қаласы бойынша қандай мамандықтарға сұраныс артты?

Г.Мейірбекова: Алматы қаласы бойынша еңбек нарығындағы сұранысқа қызмет көрсету саласындағы мамандықтар ие. Мегполис бойынша қазіргі таңда 2984 мекемеден 9508 бос ашық жұмыс орны

Епбек.kz сайтында жарияланды. Бүгінде мына төмендегі салаларға сұраныс артып отыр:

1. Сауда-саттық орталықтарына
2. Медицина саласына
3. Білім саласына
4. Ақпарат жинау, тарату саласына

Әлемдік өлшемдерге салған пандемия біздің елді де айналдырған үлкендік білесіздер. Әсіресе, өнер саласы, оның ішінде театр, кинотеатр, концерт залдарының жұмысы біраз уақытқа дейін тұралады. Керісінше, медицина саласы мен қызмет көрсету саласына сұраныс артты. Жаңа мамандықтар пайда болды. Кейбіреулері онлайн бағытта көрсетілетін жұмыс түрлеріне бейімделе бастады. Осылайша кейбір тұрғындарымыз тұрақты жұмысынан босағанымен, сұранысқа сай мамандық алуға бейімделіп, дер кезінде біздің орталыққа тіркеліп, сұранысқа сай мамандық иелеріне ауысты.

Жас қазақ: Жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарға қандай жана бағдарламалар ұсынылды?

Г.Мейірбекова: Биыл қаламыздағы жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарға мемлекеттік бағдарламаның жана бағыттары ұсынылды. Атап айтсақ, «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» және ерікті түрде еліміздің солтүстік өңіріне оны аудару сыйды жобалар. «Бірінші жұмыс орны» жобасы жасы 29-дан аспаған жұмыссыз жастарға арналады. Олар еш жерде жұмыс істемейтін,

білім алмайтын, жұмыс тәжірибесі жоқ санатқа жататындар. Олар бір жыл бойы 20 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлеміндегі 58340 теңге жалақыға жұмыс істейді. Ал «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламасы зейнетке шығатын маманның орнын басатын жас маман иелеріне арналады. Үміткер ең алдымен 6 ай мерзімге мемлекеттік мекемеге 20 (АЕК) 58340 теңге айлықпен жұмысқа қабылданады. Ал жұмыс беруші «Еңбек» бағдарламасы бойынша үміткерді 18 айға тұрақты жұмысқа қабылдайды. Бірақ үміткердің алты айлық еңбек өтілі халықты жұмыспен қамту орталығы төлейді. Ол жөнінде жұмыс беруші мен ХЖҚ расында арнайы келісімшарт жасалады. Біздің келесі бағдарлама Алматыдан ерікті түрде солтүстік немесе шығыс өңірге қоныс аудару деп аталады.

кәсіптерді игере алу арқылы ғана әркімнің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз» деген болатын. Осыған орай, өз пікірімізбен бөліссеніз?

Г.Мейірбекова: Біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасын қолдаймыз. Еліміз қашанда тұрғындардың материалдық жағдайын жақсартуға барынша күш салып келеді. Жұмыспен қамту орталығы жүзеге асыратын мемлекеттік бағдарламаның әрқайсысы халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталды. Бүгінде жұмыссыз азаматтарға арналған қысқа мерзімді кәсіби оқыту, қайтарымсыз гранттар тағайындап, азаматтардың өз бизнесін ашуға мүмкіндік беру сыйды бағдарламалар да өз тиімділігін көрсетуде. Бүгінде түрлі ұсыныс пен бизнес идеяларын ұсынып, өз жобаларын қорғайтын азаматтардың қатары көбейді. Бұл жерде азаматтарымыз кәсіби мамандықты игерумен қатар, өзінің шағын кәсібін бастай алады.

Жас қазақ: Қаламыздағы мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту бойынша арнайы бағдарлама бар ма? Ол бағдарлама қалай жүзеге

асырылады?

Г.Мейірбекова: Бүгінде мүмкіндігі шектеулі жандар «Әлеуметтік жұмыс орындары» және «Арнайы жұмыс орындары» бағдарламалары бойынша жұмысқа орналаса алады. Бұл әлеуметтік орындағы жұмыс мерзімі – 12 ай. Жұмыскердің еңбеккерлерге жұмыс беруші мен мемлекет бірлесіп төлейді. Мемлекет бөлетін субсидия көлемі жұмыс беруші белгілеген соманың 35 пайызын құрайды. Арнайы жұмыс орны мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын оны құрған кезден бастап, кемінде



4. Жұмыс берушінің экономикалық жағдайына орай жұмысынан қысқарған азаматтар.

Бағдарлама аясында солтүстік пен шығыс өңіріне қоныс аударатын азаматтарға қоныс аударуға материалдық көмек – Тұрғын үйді жалға алу мен коммуналдық төлемдер. Жұмысқа орналастырған жастарды жатақханаға орналастыру. Сондай-ақ жалға алатын немесе сатып алатын баспанаме қамтамасыз ету. Жұмыс берушілерге субсидия беру қажет болған жағдайда кәсіптік-техникалық білім беру. Кәсіпкерлік бойынша жұмысқа орналастыру.

Жас қазақ: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Мамандықты жиі өзгерте білу және жана

күнтізбелік он екі ай мерзімге сақтау үшін құрылады. Мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орнын құруды жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығы мен жасасқан шарт негізінде жүзеге асырады. Тұрғын-тіршілігінің шектелу дәрежесін ескере отырып, оған қолжетімді болуы қамтамасыз етілген жағдайдағы жұмыс, ал жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күту мен айналысатын адамдар үшін ікемді және толық емес жұмыс уақыты режиміндегі жұмыс лайықты деп есептеледі.

Жас қазақ: Әңгіменізге рахмет!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Тәуелсіздіктің өлең-алаңында Елбасының Жарлығымен құрылған ҰҚК Шекара қызметі қашан аяғынан қаз тұрып, қалыптасып кеткенге дейін алмағайып көзөңдерді басынан көшіргеніне

барынша тиімді әрекет етуге тура келді.

Осы орайда, Нұрсұлтан Назарбаев қалыптастырған сыртқы саясат, оның шешімдері мен жеделуе және демаркация процесі бойынша мемлекет басшыларымен келіссөздері бүгінде қасиетті шекарамыздың мызғаймайтын беріктігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Шекара дегеніміз – бұл геометриялық құрылым ғана емес, тірі организм. Сіз егер

Шекара әскерлерінің қолбасшылығы сол жылдары мамандардың зәрулігін онтайлы шеше білді. ҰҚК Әскери институтының жас лейтенанттары оқуларын мерзімінен бұрын аяқтап, шекараға аттанып жатты. Сондай-ақ тәжірибелі прапорщиктер мен келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілерді даярлау үшін қысқамерзімді курстар ашылып, азаматтық жоғары оқу орындарының әскери кафедраларын бітірген запастағы офицерлер Шекара қызметінің сапына көптеп тартылды. Бұған қоса, Кеңес Одағының басқа нүктелерінде жүрген қазақстандық шекарашылар да кері қайтарылды.

Шекара ведомствосының қалыптасу кезеңінде жауынгерлік-даярлық қызметін ұйымдастыру әдістері толайым өзгеріске ұшырады, бұрынғы таптаурын бұзылды. Бұл шекарашылармен жұмыс

болсақ, шекараны күзету бойынша Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Түрікменстанмен, сондай-ақ Қытай Халық Республикасының қорғаныс министрлігімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Бұған қоса, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» заң азаматтардың ел шебін бірлесіп күзетуге қатысуын заңнамалық тұрғыдан бекітті. «Шекараны бүкіл ел қорғайды» ұраны тағы да әзекті болып танылды.

1992 жылдың 18 тамызында Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметі Жауынгерлік Данк жолдарынан өтті. Сөйтіп Тәуелсіздіктің 30 жылдық тарихи хроникасына айшықты оқиғалар мен ауқымды істерді енгізді.

Бұл орайда, қазақстандық шекарашылардың

тәжік-ауған шекарасындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау миссиясын еске алсақ та жеткілікті. Бас-аяғы сегіз жылдың ішінде дербес бөлімшелердің құрамында болған жасыл күнқағарлы шекарашылар жат елдің шекарасында өздеріне сеніп тапсырылған уәкеннің тыныштығын күзету үшін өз өмірлерін қатерге тікті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шекарашылар ел шебінің сенімді қорғалуын қамтамасыз етті. Осылай ету арқылы мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін нығайтты.

Қазақстанның барлық ендігі бойынша мемлекеттік шекараны күзету туралы шешім қабылданған сәттен бастап, Шекара қызметінде ондаған шекара отряды жасақталды, шекаралық командатура, застава және өткізу пункттері кіретін жүздеген бөлімше ашылды.

Шекаралық авиация инфрақұрылымдары құрылды. Әскери әуе көлігі, автокөлік, инженерлік-жол парктері айтарлықтай жанартылды.

Мемлекеттік шекараны күзету оның ішінде Каспий теңізінің биоресурстарын қорғау қызметін жетілдіру мақсатында Шекара ведомствосы құрылымдық бөлімше – теңіз дивизиондары, техникалық бақылау посттары бар Жағалау күзеті өңірлік басқармасын құрды. Заманауи үлгідегі үлкенді-кішілі әскери жүзу құралдары шекаралық кемелермен, катерлермен қамтамасыз етілді. Теңіз акваториясын күзетуге тікұшақтар қолданылды. Қазіргі уақытта Каспий теңізінде радиолокациялық стансаларды қолдану арқылы мемлекеттік шекараны бұзушылар ұсталып, зансыз ауланған сирек кездесетін балықтар мен оның өнімдері, жүздеген метр ау құралдары тәркіленді.

Инженерлік инфрақұрылымдармен қамту мақсатында да көптеген жұмыс жүзеге асырылып келеді. Шекара жолдары, бақылау мұнаралары, ұшып-қону алаңқайлары, шекара катерлері үшін айлақтар, қалқымалы көпірлер салынды. Жаппы шекара күзеті деген ұғым кешенді шаралармен ерекшеленеді, асқан жауапкершілік пен шынайы патриоттықты қажет етеді.

ҰҚК Шекара қызметі 30 жыл ішінде Тәуелсіз еліміздің қалыптасуы мен дамуына лайықты үлес қосты. Жаңғырту, реформалау бойынша жүргізілген ауқымды шаралар Шекара ведомствосының келесі онжылдықта да уақыттын сын тезіне ұтық және тиімді жауап беруіне, Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғауына мүмкіндік береді.

(ҰҚК Шекара қызметінің «Мемлекеттік шекара» кітабынан үзінді)

КҮН ШЫҒЫСТАН КӨТЕРІЛЕДІ



бір күн осында болсаңыз, сөзсіз, оның «тынысын», қозғалысын және жасыл күнқағарлы жауынгерлер арқылы оның халқын, занын бейнелейтін ерекше атмосфераны сезінесіз...

Сезіне отырып, халықаралық заңнама нормаларымен қорғалған бейбіт әрі тыныш шекараны бағалай отырып, осыдан отыз жыл бұрын қалай болғаны сізді қызықтырмауы мүмкін емес. Осыдан кейін ғана қазіргі шекараның алгоритмі сол кезде, яғни 1992 жылы пайда болғанына көз жеткізесіз.

Тәуелсіздіктің алғашқы белесінде жана шекаралық құрылымдардың нормативтік-құқықтық базасын құру кезек күттірмес міндеттердің бірі саналды. Сондықтан 1992 жылдың 13 қаңтарында Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 9-шы сессиясында бұл мәселе түпкілікті шешімін тапты. Республикамыздың ұлттық және аумақтық тұтастығын қорғайтын «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» және «Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы» заңдар қабылданды.

Жасыратыны жоқ, Шекара қызметін құру кезінде білікті кадрларға қатысты өткір мәселе күн тәртібінде тұрды. Одақ ыдырағаннан кейін біраз шекарашы офицерлер өздерінің тарихи атамекендеріне бет бұрды. Дегенмен

жасауда соны қадамдарға баруды, оны мүлдем жана ша құруды талап етті.

ҰҚК Шекара қызметіне инженерлер, байланысшылар, ұшқыштар, теңізшілер қажет болды. Бұл мамандардың барлығы біздің елімізде даярланбады, сондықтан ТМД-ға мүше мемлекеттердің әскери білім беру салаларымен тығыз ынтымақтастық орнатылды. Соның арқасында казакстандық мамандар Ресейдің әскери оқу орындарына жолдама алып, бірнеше жылдан соң Шекара қызметіне әртүрлі бағыттағы жоғары білікті офицер болып оралды.

Еліміздің Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде өзіне жүктелген міндетті атқара отырып, Шекара қызметі ТМД елдерінің, ЕурАзӘК, ШЫҰ, ҰҚШҰ секілді ұжымдық қауіпсіздік ұйымдарының жұмысына да белсене атсалысып келеді. Бұл орайда, Шекара қызметі алыс және жақын мемлекеттердің шекаралық ведомстволарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, тиісті іс-қимыл тетіктерін жүзеге асырып отыр. Атап айтпай



тарихтың өзі куә.

Алтын азаттыққа алты Алаш баласының қолы жетіп қана қойған жоқ, Қазақ атты қабырғалы елдің шекарасын қорғау осы бостандық үшін бастарын бәйгеге тіккен батыр бабаларымыздың асыл ұрпақтарына жүктелді. Шекарамыз шегенделер алдында, 1992 жылдың 9 тамызында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев еліміздің шығысындағы «Баянқол» шекара заставасына ат басын бұрды. Бұл ер-азаматқа жүктелер жауапкершілікті арқалаған шекарашылар мен Елбасы арасындағы тұңғыш тарихи кездесу болатын. Арала тоғыз күн өткенде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас Қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев Шекара қызметін құру туралы Жарлығын жария етті.

Елбасының ҰҚК Шекара қызметінің қазіргі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының «Баянқол» шекара бөлімшесіне жасаған сондағы сапары шекарашыларымыздың отаншылдық рухын оятты. Қуатты ел атанудың алдында тұрған Қазақ елінің тыныштығын күзету үшін «Түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым...» деген Тонықөк бабамыздың ізін жалғастыруға тиіс екендерін түсінді. Ел тізгінін қиын кезеңде қолына алған қайраткер тұлға, көреген Елбасымен кездесуде осыны жүректерімен ұғынған шекарашылар содан бері өздерінің отаншылдық рухтарына сызат түсіріп көрген жоқ.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басы – сыртқы шекаралардың тынышсыздығы және тұрақсыздығымен сипатталды, ал уақыт тәуелсіздікке көшуді талап етіп, барлығын қайтадан басынан бастауды қажет етті. Дегенмен, айта кету керек, Шекара қызметі бұрынғы Қызыл Тулы Шығыс шекара округі негізінде шаңырақ көтерді.

Еліміз егемендік алған уақытта Қазақстан Республикасының аумағын күшпен басып алуға жол бермеу үшін мемлекеттік шекараны күзету жана ша сипат алуға тиіс болатын.

Осы жерде «күзетілетін учаскенің ұзындығын» еске алмау мүмкін емес. Кеңес Одағы кезінде Шығыс шекара округінің құрамалары мен бөлімдері 1718 шақырымдық қазақ-қытай шекарасын күзетсе, уақыт өте келе шекарашылар өздеріне жүктелген аумақты 15 мың шақырымға дейін жеткізді. 1998 жылдан бастап экономикалық мүддені қорғау үшін миграциялық үдерістерге, өсірткі трафигіне, экстремизм мен терроризмге қарсы тұру мақсатында Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей елдерімен арадағы және Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекаралар күзетуге алынды.

Жана шекара шептері бұған дейін КСРО-ның әкімшілік-аумақтық картасында көрсетіліп қана қоймай, әрі-бері өту үшін ашық болып келді және ештеңе белгіленген жоқ. Әлемдік тәжірибеден занды түрде белгіленген аумақ пен мемлекеттік шекара – кез келген елдің басты қажетті белгілері екенін ескере отырып, Қазақстан шекарасын делимитациялау мен демаркациялау тәуелсіз елдің аумағы мен кеңістік шегін айқындауға және бекітуге бағытталған стратегиялық іс-шаралар жүзеге асырылды.

Ойлануға уақыт болмады. «Географияны талқылау – болашақ соғысты талқылау» деген дана нақылды есте сақтай отырып, тез және

Сұхбат

Әзілхан СЕРІКБАЕВ:

ТЕАТР ӨРТИСІ ӨМІР БОЙЫ ӨРТИС БОЛЫП ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Батыс Қазақстанда ең бірінші болып ашылған Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры аймақтағы 4 облысты түгел қамтыған еңсәлі һәм ауқымды өнер ордасы еді. Әлі де еңсәлі! Жылма-жыл жақсы жаңалығын естіп, фестивальдердегі табысын, алыс-жақын шетелге спарын бақылап, қуанып отырамыз. Өйткені ол – осы өңірдегі өнердің хан базарындай, руханияттың риясыз жаршысындай жалқы театр. Қабырғасынан небір дарабоздар шыққан, талай сүбелі шығармалар сахналанған қара шаңырақтағы бүгінгі жастардың жай-күйі мен бағыт-бағдарын білу үшін жас актер Әзілхан Серікбаевпен сұхбат құрдық.



қолдау туралы нақты айта алмаймын. Кейбірі пәтер жалап тұрады. Біріміз өз күшімізбен үй салдық. Енді кайтеміз, үкіметке «маған бер» деп те қарап отыра алмаймыз.

– Осыдан 5-6 жыл бұрын облыстық әкімшіліктен театр жастарына қызметтік пәтерлер берілген болатын. Білуіміше, бұл жалғасын таппаған секілді. Солай ма?

– Иә, бұған дейін 5-6 адамға үй берілген болатын. Нақтырақ айтқанда,

қызметтік пәтер, яғни уақытша. Бірақ осы уақытша берілетін пәтердің өзі де жалғасын тапқан жоқ. Менің ойымша, облыста күн сайын өтіп жататын шегі жоқ шараларға миллиондап кететін ақшаға осы салада еңбек етіп жүрген адамдарға жағдай жасап қойса деген тілек бар. Әрине, руханият керек. Әсіресе, жас ұрпақ үшін. Бірақ «тойып секіру мен тонып секіру» деген де бар.

– Өз мамандығыңызға көңіліңіз тола ма? Не үшін жақсы көресіз?

– Сүйіп таңдаған соң, әрине, көңілім толады. Балалық арманмен ең алғаш 2009 жылы Атырау қаласына Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясының актер шеберлігіне қабылдандым. 2013 жылы Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы театр факультеті, театр және кино мамандығына түсіп, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, профессор Рахила Мұшырованың шеберханасына қабылданып, сол жерде төрт жыл білім алдым. Жинақтаған білімім мен тәжірибемді жүзеге асырмақ ниетте 2017 жылы Махамбет атындағы академиялық казак драма театрына актер болып қабылдадым.

– Білуіміше, қосымша жұмыс істейсің.

– Иә, театрдағы жұмысыммен қоса, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде жастар саясаты бөлімінде маман болып жұмыс істеймін. Университетте студенттік театр құруға атсалыстым. Көптеген фестивальдерге қатысып жүрмін. Одан бөлек, өнер мектептерінде актерлік шеберліктерден қосымша сабақ беретінім бар. Тойларда асабамын. Өткенде карантин жағдайында

той өтпей қалып, тапсырыстар азайып кеткені болмаса, қазір шүкір, бұрынғыдай қалыпты күнімізге жәймен оралудамыз.

– Осы арада бір сұрақ туындайды. Жалпы, бүгінде актер де асаба, әнші де асаба. Тойда асаба болып жүрген актер сахнада қандай болмақ? Шығармашылыққа кері әсер етпей ме??

– Рас, Кері әсері бар. Өнерде мұны «халтура» дейді. Бірақ осындай «халтура» біз үшін өзінкөріс болып тұр. Әйтпесе, бала-шаға, отбасымызды қалай асыраймыз?! Бір жалақымен өмір сүру мүмкін емес.

– Өнер аламын не өсіреді, не құрғалды?

– Құртатын жаңағы – «халтура».

Бойындағы нәрдіңі суырып алады. Сондықтан өзім тойға көп шықпауға тырысамын. Той адамды өсірмейді, онда талантты танымайды. Өнер адамын өсіретін – шығармашылыққа алдалық. Сенің сомдаған рөлің жұртшылықтың есінде қалса, келесі кісіге ой тастай алсаң ғана өскенің. Актер ешқашан біреуге еліктеп, ұқсамауы керек. Біреуге ұқсадың ба, онда сенім өшкенің. Сондай-ақ өшіретін, құртатын нәрсе ол – көре алмаушылық, іштарлық шығар. Бұл – қашан да өнер адамдарының арасында бар. Оны жасыра алмаймыз.

– «Өсу» дегенді қалай түсінесің?

– Ақтерлікңің шыны бар ма? – Өз басым театр өртісі өмір бойы сол театрда актер болып қалмауы керек деп ойлаймын. Ол өзінкін екінің қырын аша білуі керек. Ізденуі керек. Режиссер болып көрсін, кинода ойнасын. Басқа да қызметке барсын. Мейлі, басшы болсын. Әйтеуір, тоқтамасын. Міне, сонда ғана өседі. Адамның қолынан бәрі келеді.



Тек талап, ынта-жігер, еңбектену керек. «Болдым», «толдым» дегенді ешқашан айтпаймын. Актердің «толғаны» – ол өлгені. Сондықтан «өнердің шыны» ешқашан болмайды. Үнемі өрмелеп, ұмтылумен келеміз.

– Театрдың шығармашылық әлеуеті жөнінде бір-ер ауыз айта кетсеніз.

– Шығармашылық жағынан театрымыз жақсы дамып келе жатыр. 2017 жылы еліміздің батыс өңірі бойынша, алғаш рет академиялық деген атақ алды. Сексен жылдан астам тарих бар өнер ордасының актері болу – үлкен мәртебе. Қазірдің өзінде жанадан қойылымдар жарықа шығып жатыр. Көршілес облыстық театрлармен де байланысып, араласып-құраласып жүрміз. Күні кеше маңғыстаулық әріптестеріміз Т.Досымовқа арналған «Биіктік» қойылымын сахналады. Оның алдында «Айбыны асқан Алтын Орда» композициялық қойылымы да өте сәтті шыққан дүние болды. Бір сөзбен айтқанда, Атырау театрында жас, аға буын өкілдерінен құралған ұйымшыл ұжым бар. Сондықтан заманауи да, тарихи да шығармалар қойылып жүр.

– Өңіргімізге рахмет. Сұхбаттасқан Нүргүл НАСЫП

Таңым

Абайдың ұлы Тұрағұлдың Шымкентте қайтыс болғаны жайлы дерек болғанымен, қабірінің қайда екендігін дәлелдейтін нақты дәйек жоқ. 87 жылдан бері іздеусіз, сұраусыз жатқан тұлғаға қатысты деректер там-тұмдап кездеседі. Әйткенмен, Тұрағұл Абайұлының сүйегі қай жерде қалғанын анықтау оңайға соқпай тұр.

«Тұраш ағам 1934 жылы 6 наурыз күні, 59 жасында қайтыс болды. Шымкент қаласының орталығындағы мұсылман зиратына жерленді. Кейін сол зираттың үстінен химзауыт салынды. Зауыт салынар алдында Тұраш ағаның сүйегін алатын жанашыр жақыны болмай, қабірі зауыт астында қалды. Ол кезде біз Шымкенттен ауысып, басқа жаққа кеткен болатынбыз».

Тұрағұлдың қызы Мәкеннің осы бір ауыз естелігі бізді «Химфарм» зауытына қарай жетеледі. Шымкент қалалық қуғын-сүргін құрбандары музейі директорының орынбасары Гүлмира Серікбаева және музей қызметкерлерімен бірлесіп, «Тұрағұлдың бейігі «Химфарм» зауытының айналасында» деген болжаммен сол манға бет түзеді. Бардық. Бірақ мекеме аумағына кіре алмадық. Зауыт әкімшілігі рұқсат етпейді екен. Бір білгеніміз, қазіргі «Химфарм» АҚ негізі 1882 жылы қаланыпты. Бой көтергеніне биыл 138 жыл толып отыр. Ал Тұрағұл Абайұлы 1934 жылы қайтыс болған, яғни зауыт оның қайтқанынан 53 жыл бұрын салынған. Онда «Тұрағұлдың қабірі «Химфарм» зауытының астында қалды» деген сөз шындыққа келіпкіремейді.

Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы



Тұрағұл Абайұлы қайда жерленген?



әкесінің сүйегін іздейді ғой. Сөйтсе, әкесінің жерленген жерінде қазіргі Орыс драма театрының ғимараты тұр дейді. Әлгі ата соғыстан кейін қалаға ат ізін салмаған көрінеді. Сөйтіп Ә. Шілтерханов әкесінің сүйегі шамамен драма театрының астында қалған деген қорытынды жасапты. Біз мұның бәрін Ерлы Оспановтың «Химфарм мен Бейбітшілік көшесінің аралығында үлкен ауқымды зират болған» деген баяндауына көз жеткізе түсу үшін азғантай болса да тамызық болар деген оймен жазып отырмыз.

Бұл манда қорымның болғанын Шымкент қаласының ардагер құрылысшысы Әбуғани Ташқараев та растайды. «Қазіргі көпқабатты үйлер салына бастағанда қазылып алынған сүйектерді Қасқа қорымына апарып жерледі», — дейді. Қасқа қорымы дегені Ташкентке шығар жолдағы ескі қорым. Кейіннен Дәруіш баба Қасқа зиратына қайта жерленген. Бұдан шығатын қорытынды: «Баба Дәруіш қай жерге жерленсе, Тұрағұл Абайұлының да сүйегі сол жерде жатуы ықтимал. Бірақ жоғарыда қызы Мәкеннің естелігінде айтылғандай, сүйегін алып кететін жанашыр жақыны болмағандықтан, «Химфарм» аялдмасына жақын манда, яғни Жангелдин көшесінің бойында қалуы мүмкін-ау» деген болжам ой түйіп отырмыз. Ал бірақ нақты орнын ешкім тап басып, айта алмайды.

Мысалы, бір жердің атауын айтқанда, сол манға жақын орналасқан ғимаратпен немесе елеулі ескерткішпен байланыстырып айтып жатамыз. Сол



жоғарыдағы Мәкен Тұрағұлқызының естелігін өз аузынан естігенін айтады. «Ташкенттен келе жатқан жолда, Бадам өзенінің үстіндегі көпірден өткен соң, оң қол жақтағы «Химфарм» зауытының төрт қабатты ескі ғимаратының астында жатыр», — дейді ғалым. Демек ары қарай іздене түсу керек. Біз музей басшылығымен біріге отырып, ізденісімізді тоқтатпадық. Музей директорының орынбасары Гүлмира Алдонғарқызы Шымкент қалалық полиция департаменті ААО арнайы мемлекеттік мұрағатындағы «Қуғын-сүргінге ұшыраған, сот органдары ақтаған тұлғаларға қатысты мұрағаттық қылмыстық істер» қорында Тұрағұл туралы қандай да бір дерек бар ма деген сұраумен қызметтік хат жолдапты. Өкінішке қарай, ешқандай мәлімет жоқ деген жауап алыпты. Түркістан облысының мемлекеттік архивінен де Тұрағұлға қатысты бірде-бір мәлімет табылмады.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Әсілхан Оспановтың қос ұлы Бердалы және Ерлы Оспановтар Шымкенттің тарихына қатысты көп жәйттен хабардар екенін білетінбіз. Бәлкім, қандай да бір дәйек келтіретін деген оймен Ерағамен байланысқа шықтық. Сол кісіден сұрастыра келе біршама тын мәліметтерге қанықтық.

Ерлы аға: — Тұрағұлдың қабірін іздемес бұрын алдымен Шымкенттің тарихын біліп алған ләзім. Қаланың Кошқар ата, баба Дәруіш деген екі пірі болған, — деп бастады әңгімесін. — Бұл туралы қазақтың халық ақыны Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармаларынан кездестіруге болады:

*Болғай ма біздің асан мүшкіліміз?
Ел көрер болар ма екен хош күніміз?
Қолдай гөр, Кошқар ата, баба Дәруіш,
Шымкенттегі үлкен сен ең ұстынымыз.*

Мәдениеттанушы нәм есімтанушы Бердалы Оспановтың «Қазақ қандай пірлерге сыйынған?» деген мақаласында «бүгінге дейін Шымкент қаласының пірі Дәруіш атаның және басқа пірлердің басына зиярат етушілер баршылық» деген дәйек келтіреді. Ал Ерлы Оспанов бүгінгі қазақ зерттеушілерінің Дәруіш бабаны

сияқты «Химфарм» зауытына жақын «Химфарм» аялдмасы жақ болуы мүмкін.

«Негізі, Тұрағұл атамздың сүйегін табу мүмкін емес. Кезінде қаншама сүйектер қазылып алынып, бір шүңқырға апарып тасталынды. Алланың өзі жұмбақ қылып тұрған нәрсені адамдардың табуы мүмкін емес», — деді сөзінің соңында Е.Әсілханұлы.

Бытыр Семейдегі Шәкәрім университеті қазақ филологиясы факультетінің деканы, профессор Айбар Калдыров бастаған арнайы ғылыми экспедицияның келгенін айтқан болатынбыз. Олар да осындай байламға тоқтапты. Туған жеріне барған соң, арнайы ас беріп, құрбандық шалыпты. Енді Ә. Жангелдин көшесінің бойындағы «Отбасы» аллеясынан Тұрағұл Абайұлына арналған тұғырлы ескерткіш орнату және көше атауын беру мәселесін көтеріп жатыр екен. Айбар Калдыров: «Бұл бағытта Шымкент қалалық әкімдігі мен біздің әкімдік бірлесіп жұмыс істеп жатыр. Мүсіншілерге тапсырма берілді. Олардың түрлі нұсқасының ішінен таңдап аламыз. Абай өулетінің өйгілі ұлына ескерткіш орнатып, Құран-хатым түсіреміз. Шымкенттегі үлкен бір көшенің атын Тұрағұлдың есімімен атау туралы ұсынымыз да жерде қалмас деген үміттеміз», — дейді.

Шымкент қалалық қуғын-сүргін құрбандары музейі директорының орынбасары Гүлмира Серікбаеваның да өзіндік ұсынымы бар. «Ескерткішті Абай саябағындағы Абай музейінің алдына, Тұрағұлға арнап Роллан Сейсенбаев қойған тас-тұғырдың қасына қойса, нұр үстіне нұр болар еді. Абай саябағында Абайды зерттеген, шығармаларын ұрпаққа жеткізген ұлы Тұрағұлдың ескерткіші тұрса, тіпті де жарасымды. Сол жерде Тұрағұлдың өлендері Абай өлендерімен қатар оқылып жатса, байқаулар, фестивальдер өткізілсе, Абаймен бірге Тұрағұл есімін де жанғыртар едік және бұл саябақ Абай-Тұрағұл саябағы болар еді. Ал көше атауына келсек, қазіргі Жангелдин көшесін Тұрағұлдың атына ауыстыру керек. Сонда рухани жанғырудың ерен үлгісін танытқан болар едік», — дейді.



АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ НЕМЕСЕ ЗАУЫТТА САҚТАЛҒАН ТАСТҰҒЫР

Біз көтерген осы мәселелердің бәрін жан-жақты сана сүзгісінен өткізгеннен кейін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің жанынан құрылған «Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі Әзімхан Исабек пен Сәкен Сағындық Тұрағұлға ауқымды зерттеу жүргізейік деген ниетпен арнайы жобаны қолға алды. Бұл жоба БАҚ өкілдерінің қатысумен «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығында сәтті өтті. Дәл осы мәселені кейін «Химфарм» акционерлік қоғамының әкімшілік менеджері Бекен Жақыпбеков пен компания қызметкері Аян Токсанбаев жігіттерге қоңырау шалып, зауыттың аталмыш бөлімінде тоқсаныншы жылдардан бері Абай ұрпақтарының есімі жазылған ерекше мемориалды тақтаның сақталып тұрғанын айтып хабарласыпты. Иә, бұл қандай тақта, оның тарихы қандай? Ендігі әңгіменің ауанын жас зерттеуші Әзімханға берсек.

1994-1995 жылдары «Химфарм» зауытына кірген Мәкен апа бұл туралы өзінің әңгімесінде: «Мен Абайдың немересімін дегеннен кейін әлгі байғұс балдар мені зауытқа кіргізді. Шымкентте Әубәкір (Абайдың Ақылбайдың ұлы), ағам (әкесі — Т.Ибраһимұлы), Әубәкірдің әйелі (Камалия), Михайлдің әйелі (Дамежан жатыр). Сол төртеуіне тас қоймақшы болдым. Өткен-кеткен әлгі тасқа Абайдың ұрпағы деп қарады ғой», — дейді. Міне, перзенттің тілегі қайбы болып, сол кездегі мекеме басшылығы қаржы бөліріп, Шымкентте жерленген Абай ұрпақтарының есімі жазылған арнайы мемориалды тақтаны жасап шығалды. Бұл — бізге күні бүгінге дейін беймәлім болып келген ерекше уақиға. Бұл тақта да хакім Абайдың:

*Жас қартаймақ, жоқ тұмақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек,*

деген өлеңімен қоса «Абай Құнанбаевтың Шымкент қаласында жерленген үрім-бұтағы» орысша мәтінде: «Родственники Абая Құнанбаева похороненные в городе Шымкенте:» деп, оған қоса, 4 адамның есімі қай жылы, қай жерде жерленгендері қазақ-орыс тілдерінде қашап жазылған. Олар:

*Тұрағұл Абайұлы — Әйгерімнен туған. 1934 ж. ХФЗ аймағы.
Келіндері: Дамежан — Михайлдің әйелі. 1960 ж. Шұқырсай.
Камалия — Әубәкірдің әйелі. 1962 ж. Қасқа зираты.
Немересі: Әубәкір — Ақылбайдың ұлы. 1933 ж. Коксай*

*Тұрағұл Абайұлы — сын Айгерім. 1934 г. Р-Н ХФЗ.
Жеңі сыновей: Дамежан — жена Михайла. 1960 г. Шұқырсай.
Камалия — жена Аубакира. 1962 г. К-ше Каска.
Внука: Аубакир — сын Акылбая. 1933 г. Коксай.*

Міне, өздеріңіз көргендей, тастұғырдағы мәтін осылай берілген. Ал Тұрағұлдың осы күнге дейін айтылып жүрген, сүйегі зауыт астында қалған деген деректер шындыққа мүлдем жанаспайды. Бұлай дейтініміз — ұстазым Ақжол Батырұлымен бірге осы мәселені анықтап, сол жердің тұрғылықты адамдарынан сұрап көргенімізде, зауыттың орнында өткен ғасырларда ешқандай зират болмағанын алға тартты. Ал тақтада қашалып жазылған Абай ұрпақтары мен жерленген жері, тіпті ұлы ақынның өленіне дейін Мәкен Тұрағұлқызы берген деректер негізінде жазылған. Мәртепесті «зауыттың астында» емес, «аймағы» деп жазылған. Зират сол төңірекке болуы мүмкін. Өйткені сол манда орналасқан Әубәкірдің әйелі Камалия жерленген «Қасқа» зираты да өткен ғасырда «Химфарм» зауытының аймағы болып табылған. Зауыт орнында ешқандай зират болмағанын, керісінше, ол мекеменің 1880 жылдары салынған деп Тұрағұл туралы мақала жазған «Оңтүстік Қазақстан» газетінің журналисі Лаура Тастанбектің: «Зауыттың мұрағатындағы тарихи құжаттармен танысқанымыздай, өндіріс орнының іргесі он тоғызыншы ғасырдың соңында, 1885 жылы қаланыпты. Ал 1925 жылы 3 маусымда Шымкент сантонин зауыты алғашқы мемлекеттік химия-фармацевтика зауыты болып қайта құрылады. Тұрағұл ағамыз 1934 жылы қайтыс болған. Демек тұлғаның топырағы зауыт астында қалды деген сөз шындыққа жанаспайды», — деген дәлелі орынды.

Зауыт манаһындағы тұрғындар сөзі мен мекеменің салыну мерзімі дерек ретінде бір-бірімен талассыз сәйкестік табады. Бұл деген мәртепесте табылған «ХФЗ аймағы» деген сөз, «мәйіт зауыттың астында қалып қойды» дегенді білдірмейді. Керісінше, сол манаһыда болуы мүмкін деген емеруір. Біз осы уақытқа дейін Тұрағұлдың сүйегі зауыт астында қалып қойды деген жалған сеніммен өмір сүріп келдік. Енді ол сенімнен арылатын уақыт жетті ғой деп ойлаймын. Асан қайғыша айтқанда, таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатпайды. Түбінде шындықтың ашылары сөзсіз. Тұраш дүниеден өтерде қызы Мәкенге: «...Қажы ағаң мен Михайлдың қай жазығы үшін атыпты? Зият пен Бердеш Қытай кетті ментіреп. Ахат ағаң айдауда жүр. Жебайың Ташкенде өлді. Сонда бұлардың жазығы не? Сен мұны қазір түсінбегеніңмен, артынан ұғасың. Жылама, балам. Азды-көпті болсын, 59 жас жасадым, жақсы-жаманды көрдім. Жалғыз таяқ Аллаһым, екеуің аман болыңдар. Дүние жолдас болмайтынына көз жетті ғой, бірақ өлмейтін қазына — өнер мен білім. Аллаһты оқытыңдар. Өзіңе аманатым — әкеңнің, Абайдың бүкіл әндерін, жалғыз ол кісінікің ғана емес, атылып кеткен қажы ағаңның, Мұхамметжан ағаңның, Ағашаяқтың әндерін, бүкіл Сарыарқа — Шыңғыс өңірінің өз құлағыңа сіңген өнерін сақта қал. Нағыз өнер заманға бағынбайды, түптің түбінде қазаққа қазына болып қайта оралады. Сол күн туу қалғанда іздеп таппай қалмасын мына қалың елі... Мұхтарға да осыны айтқайсың. Енді мен армансыз өлемін. Мен десең — жылама, қайта «әкемді қолымнан жөнелтірген Аллаға ризамын» де», — деп өсиет қалдырыпты. Сөздің астарына үнісіңіз, Тұрағұл тек Мәкенге ғана емес, Мұхтарға да аманат қалдырғандай. «Химфарм» компаниясы сол Мәкен апамызға және де күллі Алаш жұртының аманатына қиянат жасамай, заңғар жазушының есімін ісленіп отырған, қазақ ғылымын қара шаңырағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне сол мемориалды тақтаны өткізуі, дәп бір Тұрағұл аманаты орындалып тұрғандай, бізге ерекше әсер қалдырды. Тұрағұл атамздың «Нағыз өнер заманға бағынбайды, түптің түбінде қазаққа қазына болып қайта оралады» деген сөзі бүгін шынымен жүзеге асып жатқан жоқ па?



**Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Әзімхан ИСАБЕК,
Шымкент қаласы**



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеуді көздеген жоба мәресіне жетті. Әлбетте, төрт айдың ішінде бұл саланың қыр-сырын өбден меңгеру мүмкін емес. Дегенмен алғашқы қадам жасалды. Біз жобаға қатысқандардың қаламын ұштап, өз-өзіне деген сенімін бекітуді мақсат тұттық. Олардың өмірге деген құштарлығын көріп, тәнті болдық. Біздің бастамамыз шығармашылық өлеуеті мол, бірақ соны көрсете алмай жүрген өзге де ерекше жандарға үлгі-өнеге болсын дедік. Шын мәнінде, олардың мүмкіндігі шексіз!

Jas qazaq-тың бастамасына қолдау білдірген «Шеврон» компаниясына терең ризашылығымызды білдіреміз. Еліміздің түкпір-түкпірінде осындай жауапты да сауапты әлеуметтік жобалардың жүзеге асуына тікелей мұрындық болып жүрген компанияның қызметіне табыс тілейміз!

Курсқа қатысушыларға арнайы сыйлығын алып келген «Еуразия» банкіне, ақпараттық қолдау көрсеткен КТК және «Алматы» телеарналарына алғыс айтамыз. Төлімгерлерге журналистиканың әліппесін үйреткен ұстаз-әріптестерімізге ризашылығымыз зор.



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Еркін ЗІКІБАЕВ,
«Шеврон» компаниясының Корпоративтік байланыстар жөніндегі директоры:



«Біздің компания әлеуметтік маңызы бар жобаларға қолдау көрсетеді. Jas qazaq газетінің мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жобасына қолдау көрсету біз үшін өте маңызды. Курстың берері мол. Әрбір мүмкіндігі шектеулі жан — қоғамның бір мүшесі. Олар осы курс арқылы өздерін дамытады, жаңа нәрсені үйренеді, өмірге бейімделеді. Курстың көздеген мақсаты да оларды өмір ағынына қосып, журналистика кәсібінің қыр-сырына қанықтыру деп білемін».



Захра МАХАНОВА,
төлімгер:

«Біз журналистика курсына көптеген жаңа нәрсені үйрендік. Жанрларын жіктеп, мақала да жазып көрдік. Осы мамандыққа деген қызығушылығым артып, ерекше ынтымақтаумен үйрендім. Мен біздің мүмкіндігі шектеулі жан емес, «ерекше жандар» деп атағанын қалаймын. Өйткені әрбір ерекше жан өмірден өз орнын тауып, жүрегі қалаған іспен айналысуға лайықты. Төрт айдан бері бізбен бірге болып, мамандыққа баулыған Jas qazaq газетінің ұжымына алғысым шексіз. Осы бір тың жобаның әлі де жалғасын тапқанын қалаймыз».

Назерке ИСАТАЙ, төлімгер:



«Журналистика саласына бала кезден қызығатыным. Курс туралы естігенде қатты қуанып, бірден қатысуға келістім. Бізге төрт ай бойы журналистиканың қыр-сыры түсіндірілді. Өлең шығаратын қасиетім бар еді, шабыттанып өлең шығарып, газет бетіне ұсындым. Өнер адамдарымен сұхбаттасып, журналистика этикасын, өз-өзіңді қалай ұстау керектігін үйрендім. Көп білім мен тәжірибе жинақтадым».

Бақытжан ОМАШЕВ,
төлімгер:



«Бұл курстан мен нақтылықты, тиянақтылықты үйрендім. Журналистикаға маманданған жандардың өз ісіне тыңғылықты екені тәнті етті. Өзім қол күресін меңгеріп, болашақта жарысқа қатысып, білек күшімді сынап көрсем деймін. Спортқа жақын болғандықтан да мен «Бәріне ортақ журналистика» курсына қатысқанда осы сала бойынша мақала жазуға бейімделдім. Шағын ғана ақпарат жазудың қаншалықты салмақты іс екенін редакцияға келгенде сезіндім. Біздің тілегіміз, осындай игілікті бастамалар жалғасын талса екен дейміз. Курста жалғастырып оқығым келеді. Jas qazaq газетінің редакциясы менің екінші үйім секілді, өзіне жақын тартып тұрады».

Амантай ДАНИЯРОВ, төлімгер:



«Мұндай жобаның болғанына рахмет айтамын. Мүмкіндігі шектеулі жандарға үміт сыйлап, журналистика саласына баулып, мамандыққа үйреткеніне ризамын. Біз сияқтыларды қоғамда өз орнын тауып, бір нәрсені үйреніп, меңгеріп, уақытын тиімді пайдалана білуге талпындырды. Курс аясында өзіме ұнайтын спорт саласында материалдар дайындадым. Спорттық ойындарға қатысты болжамдар жасадым. Көп нәрсе үйрендім. Әлі де үйренеріміз көп. Сондықтан осындай жобаның әрі қарай жалғасын тапқанын қалаймын. Келесі курсқа қатысуға әзірден дайынмын».

Бақытжан спортшы Балжан Койшыбаевамен емен-жарқын әңгімелесті



Жанар ИНАҒЫНБАЕВА, төлімгер:

«Біз сияқты мүмкіндігі шектеулі жандарға үміт сыйлап, бір сәтке болса да, журналист ретінде сезіндірген курсқа алғысым шексіз. Бұл сала алғашқы күннен бастап өзіне баурап алды. Тіпті апта сайын асыға күтетін болдым. Теледидардан көргенде немесе азатпен оқығанда оңай мамандық деп ойлайтынмын. Қолдарына диктофон мен микрофонды серік еткендерді көріп қызыққаным бар. Курс барысында газетке мақала дайындаған кезде жауапкершілігі мен арқалаған жүзгі ауыр мамандық екенін сезіндім. Ондағы журналистердің еңбегін көріп, олардың жан-жақты ізденгенін көріп, көңіліме көп нәрсе түйдім. Білмегенімді үйрендім».



Назерке актер Улан Болатбекпен сұхбаттасуда



Суреттерді түсірген **Ғалия ҚАЛИЕВА, Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұрғұл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2286;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.